ақпаратпен жұмыс істеуді меңгереді. Нақты мәліметтер мен деректерге сүйеніп, материалды талдауға, сараптауға, дәлел келтіруге, ақпарат көздерімен ғылыми тұрғыдан жұмыс жүргізе білуге дағдыланады. Мысалы : "Ұлы Отан соғысы жылдарында", " Ұлы Отан соғысы жыларындағы тылгерлер" тақырыптарына байланысты студенттерге ізденіс тапсырмаларын бердім. Студенттер қалалық, облыстық кітапханаларға, ауылдарында мұражайға барып өзбеттерінше көптеген мәліметтер жинап, соның негізінде баяндамалар, рефераттар жазды, буклеттер дайындады. Тапсырманы орындау арқылы олар компьютерді пайдаланды және шығармашылық, ізденіс қабілеттерін арттырды. Қазақстан тарихы пәні бойынша барлық материалдармен таныс студент дәріс сабағында, оқытушының баяндау, әңгімелеу әдістері арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын тудырмауы мүмкін, сондықтан оны белсенді, қызықты өту үшін дәстүрлі емес әдістерді: топқа бөлу, тақырыпқа байланысты өзекті сұрақтар қою, пікірталас әдістерін қоса қолданып отырамын. Аудиторияның барлығы толық қамтылып, оқытушы мен студент, студент пен студент арасында қатынас болып, әрбір студент өз ойын толық жеткізе алады, бір –бірімен пікір таластыра алады. Сонда ғана дәріс сабағы қарым — қатынас үрдісіне негізделген оқыту – интерактивті әдістер арқылы студенттің белсенділігін арттырып, сабаққа қызығушылығы мен өз бетінше ізденушілігі арқасында жаңа дереккөздерімен жұмыс жасауға және оның белгілі бір тақырыпқа байланысты шығармашылық жұмыс жасауына жол ашады. Ал проблемалық баяндауда аудиторияға проблемалық ситуация жасау арқылы, проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар қою, танымдық тапсырмалар беру және оған студенттің жауап беруге немесе шешуге тырысуы жатады. Пікірсайыс семинарында тақырыптың көтеріп отырған мәселелері бойынша алдын–ала дайындалған тезистер ұсынамын. Сондықтан студенттердің семинарда жұмыс жасауының белсенділігін арттыру үшін дисскуссиялық мәселе бойынша мынадай тақырыптарда пікірсайыс ұйымдастырдым. «Тың игерудің Қазақстан экономикасына пайдасы мен зияны», Жәңгір хан патшаның сойылын соғып, қара басын ойлаған қанаушы –феодал ма, әлде халқының қамын ойлаған, елі үшін еңбек еткен халқының ұлы, мақтанышы ма?», «Шыңғыс хан тарихи тұлға» ретінде екі түрлі пікірлерді ұсынатын баяндамалар әзірлейді. Яғни біріне – бірі қарама -қарсы баяндама жасауы туралы тапсырма беріледі. Пікірсайыс семинарына дайындықтың негізгі кезеңі, басқа да семинар түрлеріне дайындық секілді студенттердің өз бетінше алғашқы дерек көздерімен және семинарға ұсынылатын әдебиеттермен тыңғылықты жұмыс жасауы болып табылады. Пікірсайыс семинар сабағының өту барысына тоқталсақ, ол алдымен диспут арқылы, яғни диспут- дегеніміз ол ойлардың қақтығысы, яғни белгілі тақырып бойынша топтарға бөлінген студенттер «Шыңғыс ханның, Жәңгір ханның тарихи тұлға» ретінде мықты қолбасшы, саясаткер екендігін, ал екіншісі оның отпен өртеп, қылышпен қырып, жауыз, қанішер деген өз көзқарасын қорғап шығу болып табылады. Көңіл аударатын мәселе пікірлердің қысқалығына, мазмұндылығына және образдығына мән берілуі керек. Пікір – сайыстың дұрыс бағытталуына нақты және уақытында қойылатын қосымша сұрақтарға да байланысты. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде студент үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы тарих пәні оқытушысы ретінде сабақтан тыс колледж студенттері арасында әртүрлі тақырыптарда конференциялар, зияткерлік ойындар, тарихи оқиғаларға байланысты кештер өткізіп отырамын. Мысалыға «Бірлігі бекем Қазақстанның еңсесі биік!», «Қазақ хандығына- 550жыл» атты тарихи-танымдық кештер, 1курстар арасында "«Өз құқығыңды білесің бе?», "Мәңгілік ел" тарихи -танымдық ойындары т.б. Бұл шараларды ұйымдастыруда мен студенттерге тек қана бағыт беріп отырамын, ондағы мақсатым студенттердің жан – жақты шығармашылық, терең ізденіс, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, және де барлық шараларды өткізген кезде ақпараттық технологиялар – интерактивті тақта, компьютер, видеокамера қолданылды. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану ең алдымен

студенттердің пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады, теориялық білімін өздерін — өздері тексеру арқылы әрі қарай жандандырады, сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, студенттердің ойлау, жұмыс істеу қабілеті дамиды, өз беттерінше де ізденіп, бағдарлама дайындауға шығармашылық шабыт алады, оқыту, білім берудегі білім сапасын көтеруге қол жеткізеді, студенттің дүниетанымдық қасиеті қалыптасады. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады.

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай біздің алдымызда тұрған басты міндет — өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару.

Әдебиет

1. А.Ғабитқызы. Кәсіби құзыреттілік және жаңа ақпараттық технологиялар. Қазақстан мектебі, №11,2012,-5-бет.
2. Б.Ибраимова. Ақпараттық технология -нәтижелі білім берудің көзі. Қазақстан мектебі, №6,2012,-3- бет.
3. "Қазақстан – 2050" стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Ә.М.Нұрмағамбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану. Педагогикалық альманах,№3-4,2010,-64-бет.

Смирнова С.В.,
ОГБПОУ «Смоленская академия профессионального образования»
г. Смоленск, Российская Федерация

САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТОВ: ТРАДИЦИИ И НОВЫЕ ПОДХОДЫ.

Данная статья посвящена вопросу использования различных форм самостоятельной работы студентов в современном образовательном процессе. Автор отмечает внутренние факторы, способствующие её активизации, в том числе введение различных приёмов интенсивной педагогики, мотивирующие формы контроля, цикловое обучение.

Автор, опираясь на собственный опыт работы, предлагает виды внеаудиторной самостоятельной работы по дисциплине Литература для студентов 1 курса. Автор обращает внимание на результативность использования активных методов контроля самостоятельной работы, в том числе рейтинговую систему оценки знаний, тестовый контроль.

Ключевые слова: формы самостоятельной работы, активизация, приёмы интенсивной педагогики, цикловое обучение, внеаудиторная самостоятельная работа, контроль, рейтинговая система оценки, тест.

Key words: forms of independent work, intensification, techniques of intensive pedagogy, cyclic training, extracurricular independent work, control, a rating system, testing.

Түйін сөздер: өзіндік жұмыс іс-әрекетінің түрлері, белсенділік, қарқынды педагогика, циклдық оқыту, аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмысы, бақылау, рейтингтік бағалау жүйесі, тест.

Основная задача среднего специального образования заключается в формировании творческой личности специалиста, способного к саморазвитию, самообразованию,

инновационной деятельности. Решение этой задачи вряд ли возможно только путём передачи знаний в готовом виде от преподавателя к студенту. Необходимо перевести студента из пассивного потребителя знаний в активную, мыслящую личность, умеющую сформулировать проблему, проанализировать пути её решения, найти оптимальный результат и доказать его правильность. Современная реформа образования связана по своей сути с переходом от парадигмы обучения к парадигме образования. В этом плане следует признать, что самостоятельная работа студентов является не просто важной формой образовательного процесса, а должна стать его основой. Это предполагает ориентацию на активные методы овладения знаниями, развитие творческих способностей студентов, переход от поточного к индивидуализированному обучению с учётом потребностей и возможностей личности.

Самостоятельная работа - это любая деятельность, связанная с воспитанием мышления будущего профессионала. Любой вид занятий, создающий условия для зарождения самостоятельной мысли, познавательной активности студента связан с самостоятельной работой. В широком смысле это совокупность всей самостоятельной деятельности студентов как в учебной аудитории, так и вне её, в контакте с преподавателем и в его отсутствии.Самостоятельная работа реализуется:

1. Непосредственно в процессе аудиторных занятий - на лекциях, практических и семинарских занятиях.

2. В контакте с преподавателем вне рамок расписания - на консультациях по учебным вопросам, в ходе творческих контактов, при ликвидации задолженностей, при выполнении индивидуальных заданий и т.д.

Таким образом, самостоятельная работа может быть как в аудитории, так и вне её, но, как правило, она всё же реализуется как внеаудиторная работа.

В восприятии студентами учебного материала, особенно на младших курсах, сильна тенденция на запоминание с элементами понимания, поэтому активная и плодотворная самостоятельная работа возможна только при наличии серьёзной и устойчивой мотивации. При планировании такой работы преподаватель должен учитывать внутренние факторы, способствующие её активизации:

1. Полезность выполняемой работы. Если студент знает, что результаты его работы будут использованы в семинарском занятии, на практикуме, то отношение к выполнению задания существенно меняется в лучшую сторону и качество выполняемой работы возрастает. При этом важно психологически настроить студента, показать ему, как необходима выполняемая работа.

2. Участие студентов в творческой деятельности. Это может быть участие в научно-исследовательской работе, олимпиадах, участие в конкурсных работах и т. д.

3. Важным мотивационным фактором является интенсивная педагогика. Она предполагает введение в учебный процесс активных методов, прежде всего игрового тренинга. Первым шагом в таком подходе являются деловые или ситуационные формы занятий, в том числе с использованием ПК.

4. Использование мотивирующих факторов контроля знаний (накопительные оценки, рейтинг, тесты, нестандартные экзаменационные процедуры). Эти факторы при определенных условиях могут вызвать стремление к состязательности, что само по себе является сильным мотивационным фактором самосовершенствования студента.

5. Поощрение студентов за успехи в учёбе и творческой деятельности и санкции за плохую учебу. Например, за работу, сданную вовремя, можно проставлять повышенную оценку, а в противном случае её снижать.

6. Индивидуализация заданий, выполняемых как в аудитории, так и вне её, постоянное их обновление.

7. Мотивация самостоятельной учебной деятельности может быть усилена при использовании такой формы организации учебного процесса, как цикловое обучение ("метод погружения"). Этот метод позволяет интенсифицировать изучение материала, так как сокращение интервала между занятиями по той или иной дисциплине требует постоянного внимания к содержанию курса. Разновидностью этого вида занятий является

проведение многочасового практического занятия, охватывающего несколько тем курса и направленного на решение сквозных задач.

В стандартах профессионального образования на внеаудиторную работу отводится не менее половины бюджета времени студента. Таким образом, времени на самостоятельную работу в учебном процессе вполне достаточно, вопрос в том, как эффективно использовать это время.Цель самостоятельной работы - научить студента осмысленно и самостоятельно работать сначала с учебным материалом, затем с научной информацией, заложить основы самоорганизации и самовоспитания.

Виды внеаудиторной самостоятельная работа разнообразны. Например, для студентов 1 курса по дисциплине «Литература» в самостоятельную работу включены разнообразные виды лингворечевой деятельности: анализ эпизода, рассказа, стихотворения, монолога, составление таблиц, составление разных видов конспектов. Подготовка сообщения, реферата позволяет более глубоко осмыслить идейно-художественные особенности произведения или сопоставить несколько произведений автора одной тематики.Задания творческого характера предполагают написание собственных текстов, составление историко-литературного комментария, создание презентаций.

Разработка комплекса методического обеспечения учебного процесса является важнейшим условием эффективности самостоятельной работы. К такому комплексу следует отнести тексты лекций, учебные и методические пособия, лабораторные практикумы, банки заданий и задач, сформулированных на основе реальных данных, банк расчётных, моделирующих, тренажерных программ и программ для самоконтроля, автоматизированные обучающие и контролирующие системы, информационные базы дисциплины и другое. Это позволяет организовать проблемное обучение, в котором студент является равноправным участником учебного процесса.

Результативность самостоятельной работы студентов во многом определяется наличием активных методов её контроля.В последние годы наряду с традиционными формами контроля (зачётами, экзаменами) достаточно широко вводятся новые методы на основе современных образовательных технологий. В качестве такой технологии в современной практике профессионального образования рассматривается рейтинговая система обучения, позволяющая студенту и преподавателю выступать в виде субъектов образовательной деятельности. Правильно организованная технология рейтингового обучения позволяет с самого начала уйти от пятибалльной системы оценивания и прийти к ней лишь при подведении итогов, когда заработанные студентами баллы переводятся в привычные оценки (отлично, хорошо, удовлетворительно, неудовлетворительно). Кроме того, в систему рейтинговой оценки включаются дополнительные поощрительные баллы за оригинальность, новизну подходов к выполнению заданий для самостоятельной работы или разрешению научных проблем. У студента имеется возможность повысить учебный рейтинг путём участия во внеучебной работе (участие в олимпиадах, конференциях; выполнение индивидуальных творческих заданий; участие в работе научного кружка и т.д.).

Таким образом, каждый вид учебной деятельности приобретает свою «цену». Получается, что «стоимость» работы, выполненной студентом безупречно, является количественной мерой качества его обученности по той совокупности изученного им учебного материала, которая была необходима для успешного выполнения задания. Разнообразные задания, предлагаемые для самостоятельной проработки, и разные шкалы их оценивания позволяют студенту следить за своими успехами, и при желании у него всегда имеется возможность улучшить свой рейтинг (за счёт выполнения дополнительных видов самостоятельной работы), не дожидаясь экзамена. Использование рейтинговой системы позволяет добиться более ритмичной работы студента в течение семестра, а так же активизирует познавательную деятельность студентов путем стимулирования их творческой активности.

В учебном процессе широко используется также тестовый контроль знаний и умений студентов, который отличается объективностью, экономит время преподавателя, в

значительной мере освобождает его от рутинной работы и позволяет в большей степени сосредоточиться на творческой части преподавания. В настоящее время в учебный процесс всё шире проникают автоматизированные обучающие и контролирующие системы, которые позволяют студенту самостоятельно изучать ту или иную дисциплину и одновременно контролировать уровень усвоения материала.

В заключение можно отметить, что конкретные пути и формы организации самостоятельной работы студента с учётом курса обучения, уровня подготовки студентов и других факторов определяются в процессе творческой деятельности преподавателя.

Литература

1. Алфёрова Е.А., Янченкова Е.В. Планирование и организация самостоятельной работы студентов ГОУ СПО: метод.рекомендации. – М, 2008
2. Семушина Л.Г. Содержание и технологии обучения в средних специальных учебных заведениях: учебн. пособие для преп. учреждений СПО / Л.Г. Семушина, Н.Г. Ярошенко. – М., 2001.
3. Скобелева Т.М. Современные технологии обучения в образовательных учреждениях среднего профессионального образования. – М., 2004.

Зайнуллина А.Т.,
Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі,
Орал қ.,Қазақстан Республикасы

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ПӘНДІК ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Статья направлена на формирование творческих способностей студентов через самостоятельную и групповую работу

Article is directed to formation of creative abilities of students through individual and group work

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгерді. Бұл өзгерістер жаңа әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі оқыту үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендірудің қажеттігін негіздейді. Айтылған мәселенің басты ерекшелігі оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, студенттердің білім алуы барысында іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірде пайдалана білу арқылы танылады. Бұл, білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыруды талап етеді. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен студенттерге білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін студенттердің таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Оқытушы оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Оқыту үрдісінде студенттерге ғылым негіздеріне сай терең де тиянақты білім беру, оларды адамгершілік рухта тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешудегі оқытушының басшылық ету тәсілдері, амалдары мен құралдарының біртұтастығын оқыту әдістері демекпін. Биология пәні арқылы ғылыми – жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырудың бір тәсілі практикалық бөлікті жүзеге асыру болып табылады. Әр сабақ кезеңінде әдіс – тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау кезеңінде оқытушы өз сабағына рефлексия жасау барысында оның қолданған әдісінің қайсысы тиімдірек болғанын талдау жасаған кезеңде айқындала түседі. Бүгінгі таңда студенттерді XXI ғасырға дайындау үшін

ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Колледждің оқу-тәрбие үрдісінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратындай ізгілендіру, ақпараттандыру идеялары енгізіліп, білім беру мазмұнын ақпараттандыру лабораториясы, электрондық оқу залы ашылып, жалпыкәсіптік, арнайы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша электрондық оқулықтар жасақталды. Өз сабақтарымда жаңа технологиялардың бірі болып саналатын-СТО технологияларының элементтерін, деңгейлік бағдарламаның 7 модулі негізіндегі стратегияларды, АКТ, 3D трибунасын пайдалана отырып ұйымдастыру, білім алушылардың биология сабағына деген қызығушылығын қалыптастырады.

Неге педагогикалық технологияларға ерекше көңіл бөлеміз? студенттерді пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану білімнің сапалы болуына себеп болады. Әр сабақта менің алға қоятын мақсаттарымның бірі студенттердің сөйлеу тілін дамыту болып табылады, сондықтан әрбір сабағымда диалог құру үшін бірнеше әдістерді қолданамын. Сабақ барысында «Мозайка», «Сыртқы-ішкі шеңбер», «Ақыл алты қалпағы», "Мұғалімге хат»,т.б әдістерін қолданып, өткен тақырып бойынша жазбаша түрде сұрақ құрып, өздері жауап қайтарады. Жауап беруде толық жауап талап етіледі, сондықтан оқушылар жауаптарын мысал келтіре отырып дәлелдейді.

Тақырыбы: Жасуша мембранасы, цитоплазма, эндоплазмалық тор.

Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат-міндеттері:

А) ақпараттық: Жасуша органоидтарын еске түсіріп білімдерін тереңдету

Ә) коммуникативтік: Сурет,таблицалармен жұмыс арқылы жасуша органойдтарын ажырата білу, маңыздылығын талдау

Б) проблеманы шешу: Әр органойдтың маңызын анықтау, ажырату

Сабақтың типі: жаңа ұғымды меңгерту

Сабақтың түрі: аралас

Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар: АКТ, СТО элементтері, ұжымдық және топтық оқыту.

Сабақтың әдісі: Түсіндірмелі –иллюстративті

Көрнекілігі: интерактивті тақта, презентация - слайдтар

Пәнаралық байланыс: Физика,Экология, медицина, физиология

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру бөлімі

Амандасады, түгендейді. Аудиторияның сабаққа дайындығын тексереді. Қажетті көрнекіліктер мен құралдарды дайындайды. «Сен қайдасың?» тренинг өткізу

- Сәлем достым (қол беріп амандасу)
- Сен қалайсың? (иықтарын қағады)
- Қайда болдың? (құлақтарын тартады)
- Мен сені сағындым (қолдарын жүрекке қояды)
- Сен келдің (қолдарын жаяды)
- Жақсы болды (қатты құшақтайды)

Үй тапсырмасы:

Тапсырма №1

Бос орынға қажетті сөздерді тауып жазу.

1. — судың жасушалар мен жасуша аралық заттардың аралығында теңдей бөлінуін қамтамасыз етеді.
2. Нәруыздардың молекулалары жасушадағы химиялық реакцияларды_____қатысады.
3. Гликоген _____ мен _____ жасушаларында кездеседі.

Тапсырма №2.

1. Органикалық қосылыстар жасуша құрамының _____ үлесіне тең.
2. Су жасушаға _ ретінде өте қажет.
3. _____ жасуша жарғақшасының құрамында көп болады.
4. Қорек заттары жасушаға тек _ (_) күйінде қабылданады.

Тапсырма №3.

Сұйық (еріген)

20-30%
Минералды тұздар
Тездетуге
Майлар
Еріткіш
Бауыр, бұлшықет

2.Кесте толтыру.

Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының айырмашылықтырына арналған кестені толтырып, бар болатын органоидтың тұсына «+», ал жоқ болатын органоидтың тұсына « — » белгілерін қойыңдар.

3. Қорытындылау.

1. Жасушаның химиялық құрамына нелер кіреді?
2. Майдың құрамына қандай элементтер кіреді?
3. Көмірсу, нукелей қышқылы жасушада қандай қызмет атқарады?

Жаңа сабақ:

«Миға шабуыл » БҮҮ кестесі

1.Жасушаның құрылысы қандай?



«Жүреміз, ойланамыз» әдісі

Жасушалық құрылымдар: Жасуша мембранасы, цитоплазма, эндоплазмалық тор, қозғалыс органоидтері, олардың құрылысы мен атқаратын қызметтері,жасушалық қосындылар

Әр топ басшылары келіп сұрақтарды таңдайды. Берілген 4 сұрақ бойынша 4 топ әр түсті маркерлермен плакатқа жауап жазады. Белгілі бір уақыт ішінде топ мүшелері орындарын ауыстырады. Орындарын ауыстыра отырып, әр топтың жазған жауаптарын тексереді және өз пікірлерін қосады. Кейін әр топтан бір оқушы шығып қорғайды.

Бекіту:

1-тапсырма

Кестені толтыр:

Жасуша органоидтары	**Құрылысының ерекшеліктері**	**Атқаратын қызметтері**

2-тапсырма Түйінді сөздермен жұмыс

ДНК
Гиалоплазма
Хромосома
АТФ

Қорытындылау:

«Нақты жауап» айдары:

«Өрмекшінің торы» әдісі бойынша қорытынды жасау . Студенттер «Өрмекшінің торы» әдісі бойынша өз ойларын жинақтайды. Әр топ бір-бір сөйлемнен өз идеяларын айтады.

Рефлексия: Не үйрендім? Не үйренгім келеді?

Студенттер стикерге сабақтан алған әсерлері жайлы жазады.

Осылайша биология сабағында оқытылатын объектілер мен үрдістердің әр түрлілігі жалпы білімдік ақпараттық және оқушының ойлау дағдыларының дамуы үшін орасан зор мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Танымдық қызығушылық студенттердің қоршаған

ортамен қатынасының ішкі мазмұнын әр қырынан таныта отырып, оның әрекетінің даму заңдылықтарын, сол дамудың басты шарты болып саналатын ішкі қайшылықтарын игеруге ұйытқы болады.

Менің ойымша қазіргі заманда болашақ мамандарға дайын білім беруден яғни «дәстүрлі» стильмен оқытудан алшақтау керек. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған студенттерді маман есебінде қалыптастыру үшін оқытушының өзі де жаңашыл идеяларға көңіл көкжиектерін ашу керек. Сабақтың әрбір минутын тиімді пайдалану үшін сабақ жоспарын табысты болатындай етіп құру біздің міндетіміз, себебі оқытушылар әрбір тұлғаның болашағы үшін жауапты. Көзбен көрген ақпараттың 30% есте сақталатынын ескере отырып, жаңа тақырып түсіндіру барысында АКТ мүмкіндіктерін пайдалану мен үшін маңызды. Бүгінгі заманда сандық сауаттылығымыз жоғары болу керек, себебі ел алдында өз беделімізді өзіміз нығайтамыз.

Әдебиет

1. Асанов Н.Г, Соловьева А.Р. «Биология»
2. А. Әлімов. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану.-А., 2009
3. Козина И. Case study: некоторые методичечкие проблемы //Рубеж.-1997.-№10-11.
4. Унгарбаева Г. Р., Избасарова Ж. Ж. Кейс-стади әдісін «Биологияны оқыту әдістемесі» пәнінің зертханалық сабақтарында пайдалану // Молодой ученый. — 2015. — №1.1. — С. 114-115.
5. Базалық деңгей бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Баекенов Д.К.,
№3 қазақ- түрік лицей-интернаты,
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Содержание доклада раскрывает следующие вопросы; проблемы при преподавании предмета истории Казахстана.

Contents of the report uncovers the following questions: problems encountered in teaching the lesson of the history of Kazakhstan,

«Адамды бір нәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі,
оған жаңалық ашуға көмектескен жөн».
Г.Галилей

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бағдарламасында Қазақстан Республикасында қабылданған білім беруді дамытудың басқа да құжаттарында мемлекеттік саясаттың басты принциптерінің бірі – жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселесі басты міндеттердің қатарына қойылған. Сондықтан, болашақ жастарымыздың кәсіби-құзырлы, шығармашыл болуын қамтамасыз ету үшін оқытудың жаңаша теориялық, дидактикалық, әдіснамалық тұғырларын айқындау негізгі мәселе болып табылады.

Сондықтан, әр ұстаз өзінің кәсіби деңгейін жоғары сатыға көтере отырып, оқушыға жаңа инновациялық технологиялар негізінде нәтижеге бағытталған білім беріп, оның жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттілігі туындайды [1].

Әр мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыға тек білім беріп қана қоймай, алған білімін өздігінен дамытып, жеке және қоғам қажеттілігіне икемдеп, дұрыс, тиімді пайдалана және әлеуметтік бәсекелестікке төтеп бере алатын, мәдени ортаға бейімделгіш, дара тұлға, білікті азамат дәрежесіне көтерілген адам дайындау деп есептеймін.

Тарих пәнінде қазіргі таңда да білім беру үрдісін ұлттық үлгі негізінде қалыптастыра отырып, әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру қажет.

Сабақ – мектепте оқушыларға білім мен тәрбие берудегі негізгі үрдіс. Тарих пәні сабақтарында өзімізге бұрыннан белгілі әңгіме, баяндау, пікір алысу сияқты әдістермен қатар, картамен жұмыс, көрнекі құралдар қолдану, тарихи көркем әдебиетті пайдалану, мерзімдік баспасөз, интернет материалдарына жүгіну қажеттігі де туындайды. Сонымен қатар, баланы ғылыми ізденіске баулу, ғылымға деген ой-таным, көзқарасын қалыптастыру, өмірдегі өз орның сезінуге, толыққанды шығармашыл адам етіп тәрбиелеу де пән мұғалімінен талап етілетін міндет болып отыр [2]. Бүкіл әлемді шарпып өткен жаһандану үрдісі білім саласын да шет қалдырған жоқ. Дәстүрлі білім жүйесі XXI ғасырда өмір өзгерісін, білім талаптарын толық қанағаттандыра алмайды, сондықтан сабақты жаңа технология жағдайында өткізу қажеттігінің өзі өмір талабы болып отыр. Қазір оқушының танымдық белсенділігі, сабақта ұйымдастырылған түрлі ситуацияларға қатысуы арқылы өзі де кейіпкерге айналып, сол жағдайдан шығу үшін әр түрлі жолдарын іздеуі, ойлануы, жоспар құруы, нәтижесінде «өз жаңалығын» ашуы оқушыны шығармашылық тұлға дәрежесіне дейін көтеріп отыр [3].

Негізгі сабақтарда топтық жүйе қолданылып, оқушы білімін бағалау да жаңаша сипат алды. Топ ішінде бағалата отырып, біз оқушыларды әділ бағалауға, оқушы жетістігі мен кемшілігін саралай білуге үйретеміз.

Сонымен, оқушының ой -таным әрекеттерін арттырудың тиімді құралдарының бірі – оқушының өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу әрекеті болып есептеледі.

Өзбетімен білім алу, жоғарғы сынып оқушыларына тән болғандықтан, мұғалім көбінесе бағыт беруші, оқушының ой-өрісін дамытушы, шеберлігін шыңдаушы, музыка тілімен айтсақ - дирижер рөлінде болмақ. XXI ғасыр мұғалімі қандай болмақ десек, қазақтың данышпан ақыны, ұлы Абайдың отыз екінші қара сөзінде; «Білім ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей, іздегенмен табылмас», - дейді [6].

Мұғалім де сол дирижерлік рөлді меңгеру үшін өзі де көп біліп, көп зерттеп, сабақ беру барысында оқушылардың бойында тарих пәнін оқып-үйренуге деген құштарлықты оятып, жауапкершілікке үйретіп, пәнді меңгеру тәсілдерін, яғни оқу қызметін қалыптастыру қажет. Осыдан барып оқушы бойында іскерлік пен дағды меңгеріледі.Іскерлік деген не?

Іскерлік деген - іс-әрекеттің белгілі бір тәсілін саналы түрде меңгеру. Ал, дағды деген – автоматизмге жеткізетін іскерлік.

Орта буындағы сыныптарда жекелеген тарихи тұлғаларды өткенде міндетті түрде СТО стратегиясының ассоциация құру әдісін, ал тарихи оқиғаларды өткенде кесте жасау немесе семантикалық картаны пайдалану арқылы оқиғаны алдын-ала дайындалған жадынама бойынша зерттеуді пайдаланамын. Бұл әдістер жоғарғы сыныптарға барғанда дағдыға айналғандықтан, оқушыға үлкен көмек болады. Оқушы ғылыми жоба жасағанда немесе этнографиялық зерттеулерде төменгі буындағы алған тәжірбиесін пайдалана отырып, өз зерттеулерін жасай алатын дәрежеге жетеді. Мен өз жұмысымда оқушының өз бетінше оқу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлемін.Іскерлік нәтижесінде нәтижесінде іс-әрекеттің белгілі бір тәсілін саналы түрде меңгерген оқушы оны дағдыға айналдырады [4].

Іскерліктер мен дағдылар үшке бөлінеді.

1. Оқу еңбегін ұйымдастыру және оқу әрекеті құрылымын меңгеру.
2. Кітап және оқу ақпараттарының басқа да көздерімен жұмыс жасау.
3. Оқушылардың ауызша және жазбаша сөз мәдениетіне көңіл бөлу.

I. Ойлау мен интеллектуалдық іскерлігі. Тарихты оқу барысында оқушыларда оқу еңбегі іскерліктері, оның ішінде ойлау және интеллектуалдық қабілеттер қалыптасады. Ол

қабілеттер; тарихи мәтінді талдау, негізгі ойды ерекшелеу, тарихи құбылыстар мен фактілерді салыстыру; материалды тұжырымдау және қорытынды жасау. Осы қабілеттерге ие болған оқушылар тарихи материал мазмұнын терең игере алады [5].

II. Арнайы тарихи материалдарды меңгеру іскерлігі.

Оқушылардың тарихи фактілерді мерзімінше шоғырландыра алуы, яғни тарихи оқиғалардың ұзақтығын, реттілігін, бірмезгілдігін байланыстыра алу. Тарихи оқиғаларды кеңістікпен шоғырландыруы,картамен жұмыс істеу іскерігі қалыптасады.

III. Оқу құралдарымен, баспасөз материалдарымен, тарихи шығармалармен жұмыс істеу іскерлігін арттыру мақсатында;

Қарапайым және күрделі жоспар құра білу.

Оқулық мәтіні мен негізгі бөлімдерін анықтау.

Әр түрлі тарихи және саяси тезистерді оқу негізінде конспектілер жазу.

Алған білімдерді жүйелеу және логикалық реттестіру.

Осындай оқушылармен жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде олар теорияалық білімді меңгеріп, оқиғалар мен үрдістерді түсіне алатында дәрежеге жеткізу.

Тарихты оқу барысында оқушылар теориялық білімді меңгеріп, оны оқиғалар мен үрдістерді түсіну үшін қолданады. Бұл үшін олар тарихшылдық принципін жүзеге асыруды меңгереді;

1. Тарихи құбылыстардың даму барыстарын көре алады.
2. Құбылыстар өзгерісінің себебін түсіне алады.
3. Құбылыстардың кезеңдерін және олардың даму бағытын анықтай алады.
4. Тарихи құбылысты жеке субъектілік, топтық көзқарас тұрғысынан емес, жалпы азаматтық тұрғыдан талқылай алады.
5. Тарихи үрдістер дамуының заңдылығын бақылып, анықтай алады.

Жалпы, сабақ беру барысында «Тірек белгілермен жұмыс», ал қазіргі уақытта берілген тақырыпқа байланысты «Модульдік оқыту», «Сын тұрғысынан ойлау »
элементтерін пайдалану. Осы технологияларды пайдалану барысында оқушыны өздігінен оқып-үйренуге, талап етілген қажетті білім алуға, алған білімді ұтымды пайдалануға, дарынды оқушыға тақырыпты одан әрі зерттеуді, ой елегінен өткізуді ұсыну.

Әр сабаққа дайындалғанда мәселелерге көңіл бөлу;

1. Оқушы қабілеті мен қасиетін қалай дамытамын ?
2. Осы тақырыптың ішіндегі маңызды мәселе не?
2. Оқушылар осы сабақта не істей алу керек?
3. Қандай қабілетін дамыту керек?
4. Бүгінгі сабақ халықтың салт дәстүрімен байланысы бар ма?
5. Бүгінгі сабақта ұлттық құндылықтарды пайдалануға бола ма?

Өзім таңдап алған тақырыпта, ең әуелі осы тақырыпты не үшін өтеміз, нақты қандай мәселені көтереміз, мақсат міндет қандай, келешекте оны қалай зерттеу қажет, т.б. сұрақтарға жауап бере отыра, оқушыларды таныстыруәр түрлі сызбалар, кестелер, көркем шығармалар көмегімен қысқаша баяндап оқушыны келесі бөлімге дайындау.

Соңғы уақытта менің өз тәжірбиеме қосқан технологиям Сатылай-кешенді талдау технологиясы. Жеке тұлғаларды, мемлекеттерді, оқиғаларды, саяси экономикалық жағыдайды зерттеуде бұл технология өте жақсы әсер береді [6].

Менің тарих мұғалімі ретінде алдыма қойған басты мақсатым – мәдениетті түрде білімді, жеке тұлғаны дамыту, ұлтымыздың рухын көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету – әрбір ұстаздың абыройлы бұрышы.

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». «Орталық Қазақстан» газеті, 15 желтоқсан, 2015 жыл.
2. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам». «Егемен Қазақстан». 10 шілде, 2013 жыл.
3. Методологические и конкретно-исторические проблемы изучения Отечественной истории. Алматы-2005.
4. «Қазақ тарихы», №5, 2011, Алматы.
5. «Қазақстан тарихы». Әдістемелік журнал, №1-12. 2010-2012 ж.ж..
6. «Білім берудің инновациялық тратегиясы – мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның тұрақты даму факторы» тақырыбындағы дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметкелерінің педагогикалық тамыз кеңесінің материалдар жинағы. Алматы обл. Қаскелен қ. 2014 жылғы 7-8 тамыз., 84-88 б.

Акпарова Н. С.,
«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Сәтбаев қ., Қазақстан Республикасы

Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстырудың ерекшеліктері

В этой статье описывается особенности ознакомления детей с природой дошкольного возраста

This article describes the features of acquantance of children with nature of preschool age

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу. XXI ғасыр жеткіншегі дене, рухани ойлау жағынан жан-жақты, өз-өзіне басшы, кез-келген сәтте шешім қабылдай алатын жеке тұлға болуы тиіс.

Бұл үшін тәрбиешінің шығармашылдығы, жаңашылдығы, көп ізденісті қажет етеді. Ал мектепке дейінгі оқытуда білім, білік дағдыларымен қатар тәрбие жұмыстарының сан алуан, қызықты, тартымды, баланы қажытып алмайтындай жұмыс түрлерін жүргізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала бойына білім мен біліктілікті, шығармашылық пен ізденімпаздықты, қабілеттілік пен іскерлікті, еңбек сүйгіштікті, танымдық қасиеттерді жинақтап дамыту барысында табиғатпен тереңірек таныстырудың ерекше орны бар екені мәлім. Бала өмірінің алғашқы жеті жылы – денсаулықтың, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және экологиялық дамудың негіздері қаланатын өте маңызды кезең.

Балаларды табиғатпен таныстыруда алдымызда мынандай мақсат тұрады: балалардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту, өлі және тірі табиғатпен таныстыру, ол туралы өз ой-пікірін айтуға үйрету. Өз өлкеміздің аң-құстарын, өсімдіктерін таныту, қорғауға, әсемдігін көруге, сезінуге, пайдасын түсінуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Болашақ табиғат жанашыры болатын ұрпақ тәрбиелеу;
- Мектепке дейінгілердің экологиялық көзқарастарын кеңейту және жүйелеу;
- Тәжірибелер жасау және алған нәтижеден тұжырым шығаруға үйрету;
- Шығармашылықты, елестету мен ойлауды дамыту.

Баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білімдерді енгізген жөн. Күштемеу, сүйіспеншілік, шындықты білуге талаптану және парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді тану үрдісінде балалар адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін түсіне біледі. Күштемеу деген табиғатқа жасалып тұрғанның кез-келгеніне мейлі ол ағаш, көбелек, бұтақ болсын оларға ешбір зиян келтірмеу керек дегенді білдіреді. Балалар тірі атаулының бәрін бағалай білуі тиіс. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тек оның әсемдігімен масаттану және тынығуға жиі бару деп түсінбеу керек. Балалардың өздері де ағаштар отырғызуға, бұлақтардың көзін ашуға, ұя жасауға қатысып, табиғатқа зиян келтіретін тұрмыстық қалдықтардан құтылудың тәсілдері туралы сұрақтарға жауаптар іздейді.

Сайф Сарай: - «Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа» - деген екен. Жас бала тамылжыған табиғатқа, әсем әуенге, айналадағы әсемдікке қызығады, содан әсерленеді, көркемдікті түсініп, оның мәнін түсінеді, әсемдікті танып, талғауды үйренеді. Мысалы: Балаларды гүлдермен таныстыру кезінде, олар олардың түрлерімен, пайдасымен тапсырмалар арқылы танысып, хош иісімен далаға берер әсемдігін көреді, сезінеді. Осы сұлулықты бұзғылары келмейді. Оны елестету арқылы парақ бетіне өз қиялдарынан бейнелеп салады.

Өлі және тірі табиғат нысандарына деген қызығушылық өте ерте жастан қалыптаса бастайды. Балалар бәрін байқайды: орман алқабындағы еңбекшіл құмырсқалар илеуін, қалың шөптегі кіп-кішкентай өрмекшіні, ағаш басындағы ұяларды т.б.

Балалардың көңілін табиғаттағы маусымдық өзгерістер, түстердің ашықтығы, әр түрлі дыбыстар, иістер тартады. Олар өздеріне жаңа әлем ашады: барлығын қолмен ұстап қарауға, иіскеуге, егер жағдай болса дәмін көруге тырысады.

Баланың айнала қоршаған табиғатқа қызығушылығын ескере отырып, экологияға деген сүйіспеншілік, қорғаушылықты тәрбиелеу керекпіз. Ең маңыздысы біздің табиғатты сүюіміз және соны балаларға жеткізуіміз, біз табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру.

Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше. Экологиялық тәрбие адамгершілік тәрбиесімен өте тығыз байланысты. Әсемдіктен сусындау, оны қабылдау, түсіне және сезіне білу адамгершілік негіздерді қалыптастыруға көмектеседі. Оның міндеттері күрделі де сан алуан. Экологиялық тәрбие балалардың сезімдері мен санасына ықпал жасап, көзқарастары мен нанымдардың орнығуына жәрдемдесе отырып, оның дүниетанымын қалыптастыруға елеулі үлесін қосады. Тіпті балаларға табиғаттағы адамдар еңбегінің маңыздылығын көріп, бағалауды үйретеміз.

Экологиялық біліктілік арқылы ұжымдық, топтық, жеке қабілеттерді ашуға болады. Жалпы экология барлық оқыту – тәрбиелеу үрдісімен байланысты.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, мақсатты серуендер мен саяхаттарда ойындарды қолдану көп жетістіктерге жеткізді. Ойын тәрбиешілер мен мектеп жасына дейінгі балалардың оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы десек те болады. Экологиялық дамытудың түпкі мақсаты оның сапалы болуы.

Осы оқу іс-әрекеттерді тиімді дұрыс пайдалануы мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыта отырып, білімді игеруге қызығушылықтарын тудырады. Балалар оқу іс-әрекетінде алған білімдерін іс-жүзінде тәжірибелерде өздері жасап, нәтижесін көреді. Мысалы: өсімдікке ауа қалай енетінін анықтауды қызыға орындайды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дамытушы ойындар мен сөздік ойындардың маңызы өте зор. Олар байланыстырып сөйлеу мен есте сақтауды, ойлауды дамытады. К.Ушинский бұл жөнінде былай деген: «Егерде педагог бір нәрсені баланың есінде қалдыруды көздейтін болса, ол сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолымен ұстау және сезім мүшелерін қолдануы керек».

Балаларды үй жануарлары, құстар, балықтар, гүлдер, аңдар, жәндіктер, жеміс – көкөністермен таныстырып болған соң, «Қайсысы артық, неге?», «Не өзгерді?», «Дәмінен

айыр?», «Даусынан айыр» т. б. ойындар ойналады. «Егерде мен үлкен болсам» ойыны балаларды шығармашылдыққа, жауаптылыққа үйретеді, табиғатты қорғауға тәрбиелейді.

Сонымен қатар экологиялық сәттер оқып беру арқылы балалардың адамгершілік, танымдық қабілетін дамытамыз. Ойын барлық сабақпен тығыз байланысты, ойынсыз сабақ өтпейді десем жаңылмаймын. Ойын баланы жан-жақты дамытып, оқыту мен тәрбиелеуде өз септігін молынан тигізеді. Жиі сұрақ қойылады: тәрбиеші ойынға қатыса алама және қатысуға тиісті ме? Әрине құқық қа біз иеміз, егер бұл ойынға қажетті бағыт берсе. Бірақ үлкендердің ойынға араласуы тек оны бала қалап, сенім білдіріп, сыйласа, егер ол ойынды қызғылықты өтіп, ережесін бұзбай ойнай алса ғана іске асады.

Көркем шығармаларды сахналауды балалар өте қызығушылықпен ойнайды. Мысалы: «Аңшы мен бала», «Гүлдер туралы аңыз» бойынша сахналауда олар жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді тауып, шығарманың мазмұнын талдағанда табиғаттың қорғаушысы болған балаларға ұқсағысы келетіндері байқалды.

Қызықты тәжірибелерге қатысуда балалардың өз жұмысының қорытындысын көруге деген ынта пайда болады. Оларды ауа мен судың қасиеттерімен таныстыруда түрлі ойындар мен тәжірибелер жасалады. Мысалы: «Кім тез үреді?», «Толқын». Көптеген ойындар таза ауада ойналады, балалардың қимылдауына, ойлауына септігін тигізеді. Жылдың әр мезгілінде әр түрлі ойындар ойнауға болады. Мақсатты серуендерде ағаштарды бақылау, өзгерісті айту, құстарға қамқорлық жасау, гүлдерді суару т.б арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке, сұлулықты көруге, сезінуге тәрбиелейміз.

Ойын алаңында қимылды ойындарда ұйымдастырылады «Аю мен түлкілер», «Қасқыр мен қояндар» т.б. ойындарда балалар жануарлардың мінез-құлқын, жүрісін, даусын салады. Ойын арқылы олардың шығармашылық қиялдауы дамыды. Олар ойындарда бірнеше құбылысты біріктіреді, жаңасын қосады, кейде өмірден, ертегіден қосып алады. Мысалы: Орманшы, зообақтағы аңдар т.б олар өз ойындарына қосып біреуі орманшы болып, қалғандарына өз ақылын айтады, оған қаладан зообаққа аң қоюға адам келеді.

Экологиялық шығармашылықты ойын арқылы дамытуда бала белсенділігі мен қабілеттілігінің маңызы зор.

Сонымен қатар ата-аналармен бірігіп экология мұражайларына, саябақтарға, әр түрлі мезгілде орманға мақсатты серуендер мен саяхаттар өз өлкеміздің табиғатын балаларға таныстыруға бағытталу қажет. Табиғатта қызықты ойындар ойналып, бақылаулар жүргізіліп, таза ауаның жанға берер рахатын бірлесе түсіндіру, экологиялық тиым сөздермен таныстыруға болады.

Қорытындылай келе:

1. Балалардың дамуында экологиялық тәрбиенің маңызы зор. Балалардың барлық іс-әрекеті, ақыл-ойы осы айнала қоршаған ортамен тығыз байланыста және экологиялық тәрбие балабақшамен шектелмейді, мектепте осы білімдерін одан әрі өрбітіп, байытады.
2. Экологиялық саяхаттар, серуендер, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттердің барлығы ойындар арқылы өрбіп, дамиды, түйсікте сақталады. Бала алған білімді көру, ұстап қарау арқылы тез қабылдайды.
3. Балалар алған білімдерін іс жүзінде тәжіребие, басқа оқу іс-әрекеттерде көрсете біледі.

Әдебиет

1. Қасымбекова Қ. Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттық міндет. Заман – Қазақстан. 2012ж.
2. Шоқпытов А. Су мөлдір, ауа таза, көк шалғын мен орман – тоғай жайқалсын десек... Атамекен.
3. Қараева Ш. Қоршаған орта – қамқорлыққа зәру. Сақшы. 2002 ж.
4. Темірғали Ж. Экология – екінші реттегі мәселе емес. Заң газеті. 2011ж.

Батырбекова Ж. Т.,
«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Сәтбаев қ., Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТЕХНИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

В статье предусмотрены некоторые вопросы совершенствования навыков развитии техники чтения

The article provides some questions of perfection of skills in the development of the reading.

Білім саласының әлемдік кеңістікке ену жағдайында Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда, жаңа білім парагдимасы бірінші орынға жеке тұлғаға білім беру арқылы оның шығармашылық біліктілігі мен дағдысының өз дәрежесінде дамуын мақсат етіп қойып отыр.

Бүгінгі мектептегі бастауыш сынып оқушысы ертеңгі қоғам иесі. Жас буынға ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші – бастауыш сынып мұғалімдері. Жас бөбектерге білім мен тәрбие есігін ашу бастауыш сынып мұғалімдеріне абыройлы да жауапты жұмыс жүктейді.

Жалпы орта білім беретін беретін мектептердің бастауыш сыныптарында оқыту мен тәрбиелеу өзара байланысу арқылы қамтамасыз етіледі. Мектептің бастауыш сатысында оқытудың мақсаты: оқушылардың танымдық қабілеттерін және біліктіліктерін дамытуды қамтамасыз ететін қарапайым білім негіздерін меңгерту, негізгі оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру ұлттық ділін, өз елінің мәдени-тарихи ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескере отырып, отандық және әлемдік мәдениетті таныту болып табылады.

Бастауыш сыныптардағы тіл сабақтарында оқушыларды сауаттандырумен бірге дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.Сондай-ақ дұрыс, түсініп, жылдам оқыта отырып, оқушыларды мәнерлеп оқуға және шешендікке баулуды естен шығармауымыз керек.

Ана тілі сабақтарында оқушыларға ата-бабаларымыздың өз ұрпағына қалдырған сарқылмас мол рухани байлығын беріледі. Сол байлықтарды игілікке жарату біздің иелігімізде. Адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде әр өлке, әр елде өмір сүрген атақты білімпаз, данышпан даналар айтып, жазып қалдырған, уақыт елегінен өтіп, ұрпақтар зердесіне ұялаған ұлағатты нақылдар ұшан-теңіз.Ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, баланың бойына озық әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерді сіңіретіндей имандылыққа, ізгілікке тәрбиелейтіндей шешендік сөздерді, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді кеңінен қолдансақ, балаларымызда төмендегідей білік-дағдылар қалыптасады:

1. Отанын сүюге, қорғауға, тілін, дінін сақтауға, қадірлеуге, рухани байлығын арттыруға батырлыққа, ержүректілікке тәрбиелейді.
2. Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.
3. Ана тілін сүюге, ана тілінде шешен сөйлеуге тәрбиелейді, әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.
4. Шешендік мәтіндер арқылы өз туған халқының өткенімен, тарихымен, әдеп-ғұрпымен, салт-санасымен танысады.
5. Өз ойын ашық айтуға үйренеді, сенімді түрде әсерлі жеткізуге, тыңдаушыны ортақ пікірге, ортақ келісімге келтіруге үйретеді.
6. Сөздік қорын байытуға, тіл байлығын арттыруға, өз ойларын жүйелі түрде жаткізуге жетелейді, және дұрыс оқуға, дұрыс сөйлеуге қалыптасатырады.
7. Шығармашылық жұмыстарды орындау нәтижесінде оқушыны ойланту, өздігінен ізденіске салу, ойын тұжырымдату, ой-өрісін кеңейту, шығармашылығын дамытуға дағдыландырады.

Тіл сабақтарының басты талаптары дұрыс сөйлеу мен мәнерлеп оқу мәдениетін бала бойына сіңіру әрбір ұстаздың міндеті.

Мектептің бастауыш сатысына «Сауат ашу», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндері енеді.

Қазақ мектептерінде «Сауат ашу», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерін оқыту туралы.

Бастауыш деңгейдегі «Филология» білім саласын оқытудағы тілдің қызметі қарым-қатынастың, қоршаған ортану танудың, жеке тұлғаның өзіндік қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және қабілеттерін дамытудың құралы ретінде қарастырылады.

1-сынып бойы жүретін оқу пәні Сауат ашу. Сауат ашудың басты мақсаты – тіл дамыту мен өзара байланыста оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру және оқу мен жазу дағдыларын жетілдіру, алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

Оқу пәнінің базалық мазмұны:

- Негізгі тілдік бірліктер – дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін;
- Қазақ альфавитінің әріптері;
- Оқуға және жазуға, тіл дамытуға арналған иллюстративтік, мәтіндік материалдар;
- Дыбыстық және дыбыстық – әріптік сызбалар, буынның, сөздік, сөйлемнің сызбалары;
- Алғашқы грамматикалық мағлұматтар (II жартыжылдықта – әліппеден кейінгі кезеңде).

Мәнерлеп оқуды үйрету үшін әр мұғалім оқу сабағына немқұрайлы қарамай, жан-жақты дайындалуы керек. Мәнерлеп оқуды ұйымдастыру үшін, оқушы сөйлемді немесе мәтінді оқығанда, қалай дем ала білу керек дауыс қалай шығуға тиіс дикция қандай болуы қажет осының барлығын мұғалімнің өзі айқын білгені жөн. Мұғалім көбінесе өзі мәнерлеп оқу арқылы оны оқушыға үйрете алады. Сондай – ақ мәнерлеп оқуды радио мен теледидарды, магнитафонды кең пайдалану арқылы да үйретуге болады.

Оқу сабақтарында сөздік жұмысына әдейі кезең бөлінбейді. Алайда сөздік жұмысы сабақтың өн бойынан орын алады. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үшін үш кезеңде жүргізіледі. Яғни, шығарманы оқу барысында оқып болғаннан кейін. Осы жерде ескере кететін жәйт, өлең оқу барысында қиын сөздер мүлде түсіндірілмейді. Өйткені өлеңнің ырғақ, дауыс мәнері бұзылып тыңдаушыға әсері азаяды.

Мысалы 1 сыныпта мәтінмен жұмыстың ең қарапайым түрі мәтінді бөлікке бөлу, әр бөлікке лайықты ат қою түрінде жүргізілсе, екінші сынптарды жоспар құрумен ұштасып, 3-4 сыныптарды бұл жұмыстар күрделене түседі. Бөлінген бөліктерде шағын жоспар құру, оған сүйене отырып толық мазмұндау, қысқарта айту, жатқа айту т.б. жұмыстарды жүйелі ойластырған жөн. Бұл жұмыстар оқушының мәтінді толық түсінуіне, қайталап оқуына тірек болады және оқу техникасын жетілдіріп қана қоймай, кітат оқуға ынтасын арттырып, жалықпай оқуға дағдыландырады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыруға қойылатын талаптарды төмендегіше топтастыруға болады.

Мәнерлеп оқуға қойылатын талаптар.

Мәнерлеп оқу – дегеніміз мәтіндегі сөздердің мағынасын бұзбай, дыбысталуы жағынан анық етіп, жатық оқу. Оқушыларды түсініп оқуға дағдаландырудың бір жолы алдын ала дайындық әңгіме өткізу болып табылады. Сондай-ақ мәтін оқылмас бұрын бақылау, экскурсия жасау, тәжірибе жасау жұмыстары да түсініп оқуға жәрдем етеді. Түсініп оқуға қорытынды әңгіменің де тигізетін пайдасы мол.

Сөйлеу техникасы мен оқудағы дауыс маңызын меңгеру. Дауыс сөйлеуші адамның сөзін, өзіндік үнін, көңіл күйін тыңдаушыға бағыттап отырады.

Дауыстың естілуі – тию – физиологиялық әрекеттің нәтижесі.

Адам сөйлеуге ыңғайланғанда тыныс алу мүшесі арқылы ауа жұтады. Осы кезде өкпе кеңейіп, сөйлей бастасымен, өкпедегі ауа сыртқа қарай шығуға бағытталады. Өкпеден қайтқан ауа тамақтағы дауыс шымылдығының аз-кем тоскауылына кездеседі.

Себебі дауыс шымылдығы дегеніміз тамақтың ішкі жағында кеңірдектің екі жағынан бір-біріне қарсы біткен жиырмалы ет. Ол бірде керіліп, бірде жымдасып тұрады. Өкпеден ауа қайтқанда осы дауыс шымылдығы керіліп тұрса, діріл пайда болып, үн шығады. Мәнерлеп оқу дегеніміз – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіруі, мазмұндық ой екпінді дұрыс қоя білуі, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл күйін сезіне оқи білуі. Мәнерлеп оқу дауыстың өзіне де қатысты. Дұрыс неғұрлым таза, күшті шықса, оқу да мәнерлі болады. Ол үшін әр оқушы даусын күте білу қажет. Дауыс желбезегіне онша күш келтірмеу, суық күндерде далада азырақ сөйлеу, суыққа шалдықпау – дауыс күші мен оның тазалығын, үнін сақтаудың басты шарты.

Мәнерлеп оқудағы дикцияны қалыптастыру.

Айтудың ашықтығы (дикция) мен тазалығы. Дұрыс дикция болу үшін мұғалмде дұрыс темп, тембр, мелодия, интонация болу керек сонда ғана ол сол қасиеттерді оқушы бойына дарыта алады. Мұғалім мектеп табалдырығын алғаш аттаған балалардың сауатын ашып, оқу-жазуға үйретеді. Мұғалім балаға нені қалай үйретсе, солай қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің өз сөзі анық, ашық айтылуы тиіс. Оның сөйлеу тілінде сөзінде дыбыстарында мүкіс болмауы керек себебі шәкірт өз ұстазына еліктейді. Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның әрі қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Ұстаздардың әсерлі үнмен асықпай, мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?!

Академик З. Қабдолов: «Ұстаз деген өз уақытын аямайтын, бірақ өзгенің уақытын аялайтын жан», деген еді. Олай болса әр ұстаз өз уақытын сыныпта ғана емес, сыныптан тыс уақытта да үнемдей біліп, өз білімін де жетілдіріп отыруы керек.

Әдебиет

1. Введение в педагогическую деятельность: Учеб. Пособие для студ.высш.пед.Учеб. заведений. – Москва, 2012.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1993.
3. Желдірбаева С. Мәнерлеп оқу. – Алматы, 1972.

Есбатырова Б. О.
«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ ,
Сәтбаев қ., Қазақстан Республикасы

АДАМЗАТ ӨМІРІНДЕГІ МУЗЫКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

В статье рассматривается роль музыки в воспитании детей с раннего возраста.
In an article discusses the role of music in the education of children from an early age.

Ежелгі заманнан адамзат баласы өзін-өзі дамытуға, алға ұмтылуға тырысып, жаңару мен жақсылыққа құштар пейілмен, басты мақсаттармен, болашаққа жылжып келеді. Әр түрлі қоғамда сан қырлы саладағы ғалымдар мен ойшылдар адамзат игілігі үшін еңбек етіп, ерекше еңбектер қалдырғаны белгілі. Бүгінгі толғанатын ой адамзат өміріндегі музыканың маңызы туралы болмақ.

873-950 жылдар аралығында өмір сүрген ұлы ғұлама Әбунасыр әл-Фараби «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегі жарық көргеннен соң-ақ оны бүкіл әлем мойындап, Аристотелден кейінгі танылған «Екінші ұстаз» атанды. Әбунасыр әл-Фараби

музыканың адамзат баласына тигізер зор ықпалын, керемет әсерін, мағынасы мен маңызын ашып, музыка өнерін биік қойған.

Музыка – өнердің ішінде ең құдіреттісі, ең әсерлісі екенін толғана келе Әбунасыр әл-Фараби: «Өмір ғажабы аспан шырақтары жұлдыздарда, ал жердегі ғажап музыкалық әсем дыбыстарда» - деп атап көрсеткен. «Музыканың да адамға пайдасы мен зияны болады, бүкіл адамзатқа апат әкелетін, қасірет сыйлайтын, адамның денсаулығын құртатын, ойланудан, алға мақсат қоюдан аулақ ететін даңғаза, зиянды музыкалардан аулақ болыңдар!»- деп айтқан ғұламаның даналық өсиеті бүгінгі таңда барынша дәл айқындалып отыр.

Жалпы өмірді әнсіз,әуенсіз елестетуге болмайды. Адамның жүрек соғысының өзі – музыка, ол тоқтағанда өмір музыкасы да тоқтайды. Сөйлеудің өзі дыбыс динамикасымен тура келеді. Баланың жаны әсершіл және жараланғыш. Сәбиге дыбыстың қалай шығуының өзі психологиясының қалыптасуына қатты әсер етеді. Ана құрсағында жатқанда-ақ нәресте сыртқы әсерді, дыбыстарды қабылдап, әртүрлі үрей мен қуаныштарды қалай сезінгенін түрлі қалыпта жатуы арқылы көрсетуі, жарық дүниеге келгенде сол әсерлердің оң және теріс ықпалдары болатыны ғылыми түрде дәлелденген. Балаларға өте жоғары тонда айқайлауға немесе қатты сөйлеуге болмайды. Бүлдіршіндермен сөйлескенде «Айналайын», «жаным», «күнім», «саған сенемін» деген сөздерді жиі пайдалануға әдеттенуіміз керек. Жанына жылық жинап өскен олар өз ұрпақтарын да солай тәрбиелейді. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» деген даналық сөз осыған тура келеді.

Әрбір сөзін мақалдап сөйлеп, шешендік пен көсемдікке баулыған, батырлар жырларын әуендете жырлаған, намыс пен абыройдың биігінде өткен кешегі қариялар тәрбиенің түпсіз бұлағындай үлгі боп қала бермек!

Жандыны жансыздан бөлетін негізгі ерекшелік – сезім мүшелері, сол арқылы сыртқы ортаның әсерін қабылдау десек, оның ішінде көру мен есту сезімінің жан тәрбиесінде алар орны бөлек. Есту әсері шудан және дыбыстан пайда болатынын, белгілі тәртіппен шыққан дыбыстар жиынтығы музыкалық топ деп аталатынын Мағжан Жұмабаевтың өзі «Педагогика» атты кітабында қарапайым тілмен –ақ түсінікті жазғаны белгілі.

«Туғаннан кейінгі үшінші, төртінші аптада балаға «Бесік жыры» әсер етеді, алты аптада дыбысты өзі тілеп тыңдайды, баланың жаны кетік болмай, бүтін болсын десек, тәрбиеші баланы әннен, жырдан, музыкадан қашырмасын» деп маңызды ой тастайды.

Кейінгі жылдардағы әр түрлі зерттеулерге сүйенсек, музыка баланың дамуына ана құрсағында жатқан кезден-ақ әсер ете бастайтыны дәлелденген. Эмбрионның ең алдымен қалыптасатын мүшесі – құлақ, ол іште жиырма төртінші аптадан бастап дыбыстарды қабылдауға көшеді. Мұның бәрі музыканың адам өміріндегі маңыздылығына, музыкамен тәрбиелеуді барынша ерте бастаудың қажеттілігіне дәлел.

Музыка сабағының бұрынғы кезде 8-ші сыныпқа дейін аптасына 2 сағаттан беріліп келгені белгілі. Кейін музыка сабағы 6-шы сыныпқа дейін қысқарып, 1,5 сағат кеміп, бірте-бірте қазіргі кезде аптасына 1 сағат қана берілуі оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруға кері әсерін тигізері анық. Онсыз да айлық жалақысы аз музыка пәнінің мұғалімдерінің психологиясына бұл жағдай әсер етпей қалған жоқ.

Қазақтың ұлы батыры, бірегей жеке тұлғасы, түркі халықтарының әскери әдебиетінің негізін қалаушы Бауыржан Момышұлы: «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертегі айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» деп «Ұшқан ұя» атты кітабында толғанған. «Қазақ пен қазақ жолыққанда бір-бірімен сөйлесуге тілмаш іздейтін күн туа ма?- деп уайымдаймын» деп сонау аласапыран Ұлы Отан соғысы кезінде жазғаны, 1944 жылы-ақ ұлт болашағына үлкен алаңдаушылық танытқаны нағыз азаматтығын көрсетеді.

Бесік жырының өзі баланы мейірімділікке меңзейтіні, ата анасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтіні, ұлттық сана мен ұғымды ұлғайтып, тектілік пен

танымының бала санасында ана әлдиі арқылы таңғажайып түрлентетіні әлдеқашан дәлелденген. Заманымызға орай қажеттіліктен туындаған, қазіргі адамзат психологиясына қарай арнап жазылған туындымды ұсынамын:

Бесік жыры
Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Шуақ шашқан, ай бөпем.
Көңіліме сән бөпем,
Өміріме мән бөпем.
Азамат болып өсерсің,
Бақытты күн кешерсің.
Елің үшін туылған,
Күн шуақты көсемсің.
Айдай әппақ аққуым,
Саялайтын бақ нуым.
Еркем деген тәтті ұғым,
Бал бақытым, шаттығым!

«Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін шығару – ұстаздың қолында» деген даналық сөз бар.

Тәрбиенің бастауы – отбасы! Ертеде тісі шыға бастаған балаға домбыраның басын тістетіп, жәй ғана шертіліп тартылған әуен арқылы оның бүкіл болмысын тебірентіп, қан тамырлары арқылы бүкіл ұлттық болмысын күй арқылы миына сіңіріп, ата анасына, өнерге деген сүйіспеншілігі оны Отанын сүюге апаратын.

Сол үрдіс бойынша әрбір шаңырақтың төрінде домбыра мен қобыз ілініп тұрса, күмбірлеген күй мен әсем әуенмен әрленген сәби жаны ертегі мен батырлар жырымен қанығып өссе, баланың ұлттық рухы күшейіп, ұлылыққа бастау алары сөзсіз. Ертеден имандылыққа ұйытар, даналыққа бастар аталардың сөзі, мейірімділік пен әдепке иілтер әжелердің ғибраты, еліміздің ұлттық музыка өнері мен рухани құндылықтары бүгінгі жас ұрпақпен жалғасын тауып жатса нұр үстіне нұр болар!

Әдебиет

1. Әбунасыр әл-Фараби. «Китаб әл-мусики әл-кабир» - Каир, 1967.
2. Момышұлы Бауыржан. Ұшқан ұя. - Алматы, 1975.
3.«Қалдырар ізің мәңгілік» Республикадағы үздік мұғалімдер туралы очерктер жинағы. – Алматы, 2012.

Шукенова Б. У.,
«№ 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Сәтбаев қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ» ПӘНІН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНГІЗУ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨМІРШЕҢ БОЛАТЫНДЫҒЫНЫҢ НАҚТЫ АЙНАСЫ

В статье затронута проблема исследования ценностей народных традиций и внедрения ее в программу школьного образования

The article touches upon the problem of investigation of the values of folk traditions and introducing it in school curriculum

Егемендік.Тәуелсіздік.Еркіндік.

Иә, осынау қасиетті де қастерлі сөздерді ауыз томпайта айтып жүргенімізге де ширек ғасырдың жүзі болды. Қазақ елі өз Тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бері аз жұмыс атқарылған жоқ, шүкір, бүгінде елімізді бүкіл әлем танып отыр. Экономикамыздың қарыштап алға басуы, қауіпсіздік пен бейбітшілік, алыс-жақын шетелдермен байланыстың жолға қойылуы, білім мен ғылым саласындағы өзгерістер.

Өзгерістер демекші, еліміздегі білім саласындағы реформалардың алғашында тосындау көрінгенімен, уақыт сынынан өте келе өз маңыздылығын дәлелдей түскендігі көңіл қуантарлық жағдай. Уақыт сынынан өткен жаңа педагогикалық технологиялар - мұғалімнің күнделікті кәсіби қызметін жаңартушы және алдына қойған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттердің бастауы. Ақпараттық технологиялар
білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал, екіншіден ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Оқушыға сапалы білім беруде жаңа технологиялардың алатын орны ерекше, ол дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Ал, осындай қуатты технологиялар арқылы білім мен ғылымды меңгеріп жатқан жастарымыздың санасына біз ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді қаншалықты деңгейде сіңіріп жатырмыз?

Осы сұраққа сіздің де бірден жауап қатпай, үнсіз отырып қаларыңыз анық. Өз ойымша, біздің еліміздегі білім беру саласындағы ескеретін бір нәрсе – ұлттық салт-дәстүрлерімізді ұлықтайтын, ұрпақ санасына енгізетін бір пәннің әлі күнге дейін мектеп бағдарламасына енгізілмеуі. Рас, «Өзін-өзі тану» пәні адами асыл құндылықтарды оқытады, бірақ ұлттық салт-дәстүрлерімізді оқушы санасына сіңіруге ол пәннің қауқары жетпейтіндігі анық, сонымен қатар ол пән салт-дәстүріміздің қасиетіне, мәні мен маңызына терең бойламайды. Ал, ұлтымыздың ұлттық болмысын жоймауына бабадан жеткен баға жетпес салт-дәстүрлеріміздің тигізетін оң әсерін айтып жатудың өзі артық. Өркениетті заман көшінен қалып қоймауға бел буған қазақ елінің дәстүрлері мен салттарын жылына бір рет, 22 наурыз күнгі салтанатты шараларда ғана көретініміз өтірік емес.

Қазақтың салты мен дәстүрі!..

Астарына тәрбие мен тағылымды қатар өрген осынау құндылығымызға бүгін жете мән бермесек, ертеңгі күні бармақ тістеп қалмасымызға кім кепіл? Біздің дәстүріміз бен салтымыз өзімізден басқа кімге керек?..

Сауал көп, сауалға жауап – жоқтың қасы.

Тәрбие, ұлттық құндылық – аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені беру процесі. Бұл жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі. Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан да ол - баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Ендеше, баланың жеке және дербес ерекшеліктеріне дайындығы мен дәрежесіне лайық салтымыз бен дәстүрімізді дәріптейтін тәрбиенің бүгінгі таңда бет алысы көңілге қонымсыз.

Әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихына көз жүгіртсеңіз, ешбір ел өзінің салты мен дәстүріне атүсті қараған емес.

«Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен ұлы кемеңгер жазушы М.О.Әуезов. Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдіске ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз бен білімді ұрпақ алып шығады. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз – ұлттық құндылықтар болуы қажет.

XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз

мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ол үшін уақыт оздырмай мектеп бағдарламасына тез арада қазақтың сал-дәстүрлерін жүйелі түрде оқытатын пәнді енгізуіміз керек, бұл пәннің ұлттық құндылықтарымыз – салтымыз бен дәстүріміздің кең қанат жаюына тигізетін пайдасы зор болмақ, сонымен қатар, келер ұрпақтың қазақы болмысының қалыптасуына да оң әсер етері сөзсіз.

Бізге ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін ояту;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін , оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жете аламыз.

Қазақ халқы – салт - дәстүрге өте бай халық. Ал салт - дәстүрге бай болу елдің мәдениетті әрі тәрбиелі екенін айғақтайды, салт - дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт - дәстүрмен, өнегелі әдет - ғұрыппен, ырым - тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмеген. Халқымыздың хас батыры Б. Момышұлы: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазады. Бұдан отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт - дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Яғни, салт - дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн - жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті десек те болады.

Иә, «Қазақ әдебиеті» пәнінде салтымыз бен дәстүріміздің біршама қамтылатындығы рас, бірақ ол көрсеткіш ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпақ санасына сіңіруге аздық ететіндігі айтпаса да түсінікті.

«Тәрбие басы – тал бесік» дейді бабаларымыз. Салтымыз бен дәстүрімізді дәріптейтін осы пән мектеп бағдарламасына енер болса, бастауыш сыныптан бастап оқытылғаны жөн. Себебі, баланың ұлттық құндылықтарды жас кезінен меңгергендігінен біздің ұтарымыз мол болмақ.

P.S.

Жақында ғана кешкі жаңалықтардың бірінен «Қазақтың салт-дәстүрлері» деген пәннің Атырау облысының мектептерінде эксперимент ретінде оқытылуы қолға алынып жатқандығы туралы мәлімет естідім.

Ау, оның несіне эксперимент керек? Эксперимент жасайтындай қазақтың салт мен дәстүрінде не кереғарлық бар еді?..

Жә, ең бастысы – осы пән қазақ елінің барлық мектептерінде толыққанды оқытылса, ұрпағымыз ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын ұл мен қыз болып өссе – сіз бен біздің тілегіміздің орындалғандығы емес пе?

Ендеше, осы мақсат жолында бірігейік, әріптестер!..

Әдебиет

.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы
2. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» энциклопедиясы «Аруана»2013ж.
3. Жағда Бабалықұлы зерттеу еңбектерінен үзінді

Жаукумова А.Р.
Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Білім беру жүйесін жаңартуға Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап өтсе, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім беру саласындағы басымдықтарды қадап айтты. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функциональдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осыған орай Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизімдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері (механизмдері) нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

• білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

• оқыту нысандары мен әдістері;

• білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;

•мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;

• мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);

• барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;

• ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылық – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері.

Осыған орай, Қазақстандағы мектептегі білім беру жүйесі балалардың дағдыларын дамытуда әртүрлі оқу және өмірлік жағдаяттар, тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастар білімін қолдануға бағытталуы тиіс.

Білім берудің басым бағыттарының бірі тәрбие жұмыстарының әлеуетін күшейту болып табылады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт Көшбасшысы: «Бала тәрбиелеу –

болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», - деп көрсеткен болатын.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын табысты ету үшін, тиімді жұмыс жүйесін құру қажет:

1. Әртүрлі оқу пәндерінің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы білім мазмұнының кіріктірілуін талап етеді;
2. Әртүрлі ақпарат дайындау (мәтін, кесте, графиктер) қажет;
3. Шығармашылық тапсырмаларды сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды арттыру керек.

Сонымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша

- сыныптар мен білім беру деңгейлері арасында оқу пәндері мазмұнының сабақтастығын жүзеге асырудың жолдарын тұжырымдау қажет:
- оқушылардың функционалдық сауаттылықтар жүйесі келесі сыныптарда да қолданылатынын ескеріп, олардың өзара сабақтастығының сақталуын мұқият қадағалау қажет;
- функционалдық сауаттылықтың маңызын түсінген оқушы әрбір пәндегі берілген білімге қол жеткізудің бірден бір тиімді құралы ретінде қабылдауы тиіс;
- оқу үдерісін ұйымдастыру, өздік жұмыстар мен іс-әрекеттік, практикалық жұмыстар орындату мұғалімдердің негізгі міндетіне айналуы тиіс;
- қазіргі 11 жылдық мектептің мұғалімдері өз пәндерінің көмегімен функционалдық сауаттылықтарды біліктілікпен байланыстырып жалпылауға жауапты болуы тиіс;
- пән мұғалімі жаңадан қосылған функционалдық сауаттылықтардың бұрынғылармен арасындағы байланысын оқу үдерісі кезінде ескертіп отыруы тиіс;
- сыныптан сыныпқа көшкен сайын жаңа пәндердегі молая әрі күрделене түсетін функционалдық сауаттылықтар жүйесін меңгеру және оларды тиімді қолдана білу оқушының мектептегі ең басты жетістігі ретінде қабылдануы заңды құбылысқа айналуы тиіс;
- молая әрі күрделене түсетін функционалдық сауаттылықтар жүйесін оқушылардың жүйелі түрде жадында ұстауын қадағалап, ұмытылғандарды қайта есіне салып, осыған орай тапсырмаларды орындату ұстаздардың басты міндетіне айналуы тиіс.
- қабілеттері әртүрлі оқушыларды оқыту барысында, әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, функционалды сауатты тұлға қалыптастыра аламыз. География сабағында көбінесе сыни тұрғысынан ойлау технология элементтері мен тірек логикалық конспектілерді пайдаланамын.

Сыни тұрғыдан ойлау

Мұғалімдерді толғандыратын негізгі мәселе: оқушыларды қалай біз өзгермелі өмірге дайындай аламыз. Ол үшін еркін, өзіндік ой-пікірі бар, сенімді, сыни пікір - көзқарастары дамыған тұлғаны қалыптастыру керекпіз. Ал оқушылар үшін басты мәселе – сыни тұрғыдан ойлауды үйрену, яғни оқушы жаңа ақпаратты қабылдап, оны саналы түрде зерттеп, сын елегінен өткізуі қажет. Оқушылар ақпаратты және идеяларды өз бетімен түсініп қабылдап қоймай, өзіңе пайдалысын алу керек. Сыни тұрғыдан ойлау-Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Сабақта көбінесе элементтерін пайдаланамын.

Сонымен, біз күнделікті сабақта жоғары деңгейлі сұрақтарды үнемі пайдалануды дәстүрге айналдырсақ, жүйеге енгізсек, мынадай маңызды тапсырмаларды іске асырамыз:

- Оқушылар тапсырмаларды орындауда белсенділік көрсетеді;
- Оқушылардың өз ойларын айтуға қолайлы жағдай туғызады;
- Оқушылардың оқуға деген ын,тасы артады;
- Мұғалімдер оқушылардың бір-бірінің пікірлерін құрметтейтін ортаны қамтамасыз етеді;
- Сын тұрғысынан ойлауға көмектеседі;
- Сын тұрғысынан ойлаудың алғашқы қадамдарына қолайлылық тудырады.

Тірек логикалық конспектілерді пайдалану

Тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі.

Негізінде орташа оқитын оқушыларға өте қолайлы деп есептеймін: себебі олар тірек сызбалар арқылы сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып жеткізуге үйренеді, сабаққа қызығады, еңбектенуге талпынады.

Оқушылардың құзыреттіліктері дамиды. Құзыреттілік – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Мына заманда біздің оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру,сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік оқушының оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникатвтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасында сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, дәстүрді білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері.

Әлеуметті-құқықтық құзырет - өз елінің азаматы ретінде өзінің және қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарау, мемлекет нышандарын білу, адам құқығын жете білу, қажетті жағдайларда оларды қолдану, өзіне жауапкершілік арту жатады.

Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі — білімді ұстаз.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана: Әділет, 2012.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Астана, 2012.

Бейсембаева П.С
КГУ Общеобразовательная средняя школа № 2 села Кенгир
Г. Жезказган, Республика Казахстан

СИСТЕМНОЕ ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

В даной статье рассматривается компетентностный подход к системному обновлении содержания образования посредством преодоления традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников.

В нашей стране процесс становления новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространств сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике. Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Без осмысления, нами учителями, новых целей и задач в обновлённом содержании и технологии обучения, новых форм оценивания с учетом компетентностно-ориентированного подхода в обучении это сделать наверно практически невозможно. Именно поэтому педагогу необходима готовность к восприятию методологии и содержания обновленного ГОСО среднего общего образования, к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

Общаясь с коллегами, в рамках данных курсов, я пришла к выводу, что на сегодняшний момент каждого педагога интересуют вопросы:

– В чем разница обновленного содержания образования и ныне действующего?

– Изменятся ли подходы к организации образовательного процесса в школе?

– Что означает понятие «образование, ориентированное на результат»?

–В каком направлении и как должен готовиться учитель к обновленному содержанию образования?

В настоящее время очень много мы говорим о технологизации учебного процесса, о преимуществах внедрения тех или иных педагогических инновационных технологий. Мы их осваиваем, используем в учебном процессе, получаем определённый результат, но проблем остаётся очень много.

Одной из актуальных проблем нашего общества является формирование конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социальных и экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя ее к лучшему. В связи с этим мы, учителя, выполняя заказ общества, должны в стенах школы подготовить выпускника с набором таких качеств как - креативность, социальная ответственность, обладание развитым интеллектом, высокий уровень профессиональной грамотности, устойчивая мотивация познавательной деятельности.

Переход на обновление содержания образования предъявляет новые требования к работе в рамках компетентностного подхода к образованию, обеспечение педагогов здоровьесберегающими технологиями, формирование готовности работать в условиях возросшей индивидуализации образовательного процесса. Обновление структуры образования, насколько я поняла в рамках данных курсов, заключается в преодолении традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников.

Предлагаемая к рассмотрению программа обновления образования предполагает, что обучение должно быть активным, проводиться в условиях созданной коллаборативной среды, должна осуществляться дифференциация обучения, в процессе осуществления должны реализовываться межпредметные связи. Кроме перечисленного обязательным

является использование ИКТ, диалоговое обучение, осуществляться методы исследования и своевременное реагирование на потребности учащихся.

Итак, что, по моему мнению, требуется от учителя? Это умение:

- формулировать учебные цели для достижения результатов;
- строить учебный процесс по организации усвоения учебного материала;
- готовить учебные материалы в соответствии с учебными целями;
- использовать потенциал информационной среды для учебного процесса;
- создавать условия для опережающего развития учащихся в и личностно-деятельностной направленности;
- создавать атмосферу психологического комфорта и поддержки;
- готовить учащихся к самообразованию, самоопределению и самореализации;
- оценивать текущие результатов, направленные на достижение поставленных целей.

Педагог в свете обновлённого содержания обязан обладать высоким уровнем сформированного ряда компетентностей:

Специальная компетентность - способность заниматься собственно профессиональной деятельностью на достаточно высоком уровне и проектировать свое дальнейшее профессиональное развитие;

Социальная компетентность - способность заниматься совместной (коллективной, групповой) профессиональной деятельностью, сотрудничать и использовать принятые в профессии управленца приемы профессионального общения;

Образовательная компетентность - интерес к освоению профессиональных знаний, умений и навыков, целеполагание в образовательной деятельности, мотивация развития субъектности и креативности в образовательной деятельности, способность применять основы педагогической и социальной психологии.

Что требуется от ученика? Это, опять же по – моему мнению, исходя из материалов курсовых занятий и лекций, умение:

- использовать возможности выстраивать индивидуальную траекторию образования (темп, уровень усвоения учебного материала);
- усваивать умения, способы, приемы своей деятельности;
- использовать знания, умения и навыки и имеющуюся информацию для разрешения учебных ситуаций.

Формирование и развитие образованной, творческой, компетентной и конкурентоспособной личности, способной жить в динамично развивающейся среде, готовой к самоактуализации как в своих собственных интересах, так и в интересах общества. В соответствии с заданной целью ожидаемые результаты образования определены в виде следующих ключевых компетенций выпускника:

Ценностно-ориентационная компетенция - способность ученика принимать решения в разнообразных жизненных ситуациях. А самое главное - быть патриотом своей Родины – Казахстана.

Культурологическая компетенция - обладание познанием и опытом деятельности на основе достижений общечеловеческой культуры и национальных особенностей, ценить культуру своего народа и культурное многообразие мира; быть приверженным идеям духовного согласия и толерантности.

Учебно-познавательная компетенция - обеспечивающая процесс самостоятельной учебно-познавательной и исследовательской деятельности учащегося.

Коммуникативная компетенция предусматривает знание родного и других языков, овладения навыками общения на казахском языке как государственном, на языке межнационального общения, на иностранных языках.

Информационно-технологическая компетенция предполагает умение ориентироваться при помощи реальных технических объектов и информационных технологий.

Социально-трудовая компетенция означает владение знанием и опытом активной гражданско-общественной деятельности в сфере семейных, трудовых, экономических и

политических общественных отношений. Компетенция личностного саморазвития предполагает формирование психологической грамотности, внутренней экологической культуры, заботу о собственном здоровье и владение основами безопасной жизнедеятельности.

Мне, как учителю начальных классов, было интересно насколько обновления коснуться начальной ступени образования. В этой связи особую значимость приобретает в условиях обновления содержания образования уровень дошкольного образования и воспитания. Предшкольная подготовка 5-летних детей должна осуществляться с учетом психологических, педагогических, физических, физиологических требований как главных условий качества подготовленности детей для обучения в начальной школе.

1 ступень среднего общего образования (1-4 классы).

Возраст начала обучения -- 6 лет. Продолжительность обучения - 4 года,

Основное назначение 1 ступени - раскрытие индивидуальности обучаемого и в приобретении им возможностей к самореализации, осмыслении знаний об окружающей действительности, формирование желания и умения учиться, т.е. создание подлинной познавательной мотивации, необходимой на последующих ступенях обучения, формирование у младших школьников целостной учебной деятельности.

Несовершенство существующих в настоящее время школьных учебников волнует каждого учителя. Имеющиеся несоответствия между содержанием учебных программ по предметам образовательных областей и содержанием учебников заслуживает очень резких комментариев. Разрабатываемые учебники в соответствии с обновлением содержания должны соответствовать требованиям государственного общеобязательного стандарта образования и отбор содержания обучения должен проводиться с учетом образования, ориентированного на результат.

Очень много внимания будет уделено изменению системы оценивания достижения ожидаемых результатов учащихся. Оценивание должно соответствовать следующим принципам- валидности, систематичности, последовательности, объективности, прозрачности, рекомендованности, достоверности.

Оно предполагает параллельное развитие двух линий оценки: (формативное и суммативное оценивание). Оценивание учебных достижений в модели образования, ориентированного на результат, предполагает способы оценивания по результатам обучения за урок и итоговую работу в четверти.

Результаты обучения в школе детей потребуют от нас, педагогов, всестороннего и объективного оценивания успехов в достижении ожидаемых результатов обучения каждого учащегося, его отношения к учебе и динамику развития личности в целом. Но обновление содержания образования, транслируя лучший опыт внедрения новых подходов к обучению и методике преподавания должно учесть и положительный опыт традиционного. Синтез традиционных и инновационных методов обучения позволит разнообразить формы проведения занятий активизирующие познавательную деятельность учащихся.

В целом уровень казахстанского среднего общего образования должен соответствовать задачам развития государства и обеспечивать его конкурентоспособность в современном мире.

Литература

1. www.strategy2050.kz;
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы / www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo.

Досмаганбетова Ж. А.
«№10 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ

Тіл дамыту- қазақ тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жасөскінді тіл өнеріне баулу, қазақ тілінің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

Тіл – бүкіл тіршіліктің алтын қазығы. Ғылымның, білімнің қай саласы болмасын ол тек тіл арқылы дамиды.

Өзге ұлт өкілдерінің тілін дамыту – қазіргі білім саласындағы оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажет, өйткені оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Орыс тілді оқушыларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат- сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету, сондықтан да коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады. Қазақ тілін орыс тілді балаларға игертуге коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрғандықтан, тіл материалдары болсын, оны игертуге негізделген жаттығулар болсын, сондай-ақ тіл дамыту жұмыстары болсын түгелдей қазақша сөйлей білуге, өз ойын айта білуге бағытталуы қажет. Қазақ тілін орыс топтарына нәтижелі үйрету үшін оның оқыту әдістемесін жетілдіру, түсіну- бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты-оқушылар белгілі бір дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын басқа біреуге жеткізе алатындай, сондай-ақ өзгенің сөзін ұға, түсіне алатындай деңгейге жету. Оқушыларды осындай деңгейге жеткізу үшін мақал-мәтелдерді оқытып жаттатыруға үйреткен тиімді.

Мақал – мәтелдер ғасырлар шежіресі. Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Оқушылардың сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында өзімнің іс-тәжірибеме сүйене отырып, мынадай тәсілдер пайдаланамын.

- сөздік жұмыс (әңгімелеу,салыстыру,қайталау, сұрақ-жауап, анкеталар т.б.)
- көрнекі құралдар қолдану (сурет, бейне фильм т.б.)

Оқушының сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль атқаратын жұмыстың бірі-сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше.

Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері. Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Мен өз сабақтарымда оқушылардың тілін дамыту мақсатында мақал-мәтелдер арқылы бірнеше жұмыс түрлерін қолданамын:

- антоним сөздерден жасалған мақалдарды тауып жазу,
  Мысалы: «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат»
  « Тамыр болдың айтыс жоқ, қолдан бердің қайтыс жоқ»

« Алғыға қарап пікір ет, артқыға қарап шүкір ет.»
« Кәрліктің алды- жігіттіктің соңы»
« Адам бір терінің ішінде – толады да солады да»

- антонимдердің қай сөз табынан жасалғанын айту,
  Мысалы: жақсы –жаман (қандай? –сұраққа жауап береді) – сын есім
  Айтыс-қайтыс (не?) - зат есім
  Алғы-артқы - көмекші сөздер
  Алды-соңы – көмекші сөздер
  Толады- солады (не істейді?) – етістік
- қатыстық сын есімдерді бар мақалдарды жазу,
  Мысалы: « Ақсақ қой түстен кейін маңырайды»
  « Жақсы кісінің ашуы, жибек орамал кепкенше»
  « Әдепсіз бала - аяққа басылған шала»
  « Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз»
- құрамында көмекші есім кездесетін мақалдарды тауып жазу,
  Мысалы: «Ел іші – алтын бесік»
  «Ырыс алды – ынтымак»
  «Тау мен тасты су бұзар,
  Ер арасын ку бұзар
- тәуелдік жалғаулы сөзі бар мақалдарды жазу,
  Мысалы. « Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан»
  «жеңгесі» - оның жеңгесі – т. ж. Жекеше түрінде, 3-жақ
  « Жаманға айтқан ақылың, дала атқан оқпен тең»
  «ақылың» - сенің ақылың – т.ж. 2- жақ,жекеше түрінде,
- берілген мақалдардағы есімшелерді тауып және мақалдардың мазмұнын ашу,
  Мысалы: «Бүлінген елден, бүлдіргі алма»
  «Көпті жамандаган – көмусіз калар»
  «Ата көрген ок жонар,
  Ана көрген тон пішер»
- мақал-мәтелдің қалған бөлігін тауып жазу және сөздерге морфологиялық талдау жасау,
  Мысалы: «Сабыр түбі ...»
  «Балалы үйдің ...»
  «Ағайыныңды іске шакырма,...»
- мақал құрамындағы бір сөзді ғана атап, сол сөзі бар мақалды табу,
  Мысал: « Тіл ...»
  «Тіл – қылыштан өткір»
  « Өнер алды ...»
  «Өнер алды – қызыл тіл»

- мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі баламасын тауып айтып, жаттатқызу
  Мысалы: «Ердің атын еңбек шығарады» -
  Человека прославляет труд,
  « Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» -
  Не рой другому яму, сам упадешь
  «Өлгенше үйрен» -
  Век живи, век учись -
- Сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін ең жие қолданылатын көрсеткіш – септік жалғау, берілген мақал-мәтелдерді оқып, асты сызылған сөздердің қай септікте тұрғанын талдау жұмысын жасаймыз:
  (Не?) Оқу – білім бұлағы,
  (Не?) Білім – өмір шырағы.
  (Кімнің?) Білімдінің алды жарық,

(Кімнің?) Білімсіздің күні ғаріп.
(Кімге?) Өнерліге өлім жоқ,
(Кімге?) Жалқауға жарық жоқ.
(Нені?) Өнерді үйрен де жирен.
(Қайда?) Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың.
(Кімнен?) Ұстаздан шәкірт озар.
Оқу (немен?) инемен құдық қазғандай – секілді тапсырмалар жүргіземін.

Көрсетілген мақал мәтелдердің түрлі ойын элементтері арқылы берілгенін байқағандай, осындай элементтерді пайдалана отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға мұғалім үшін өте тиімді - деп ойлаймын. Мұндай тапсырмаларды қызыға орындап, әрі грамматикалық мағынаның ерекшеліктері туралы білімдерін бекітуге, әрі мақал-мәтел арқылы сөздік қорларын толықтыруға ықпалды. Кез келген сөзді бір-бірімен байланыстыра, тіркестіре салуға болмайтындығын жете түсіндірген жөн. Мұндай жағдайда оқушылар мақалдарды құрғақ жаттап қана қоймай, оның мазмұнын, мағынасын ашуға, түсінуге талпынады. Әдетте, мақалдар жаттап алу үшін ғана бермеймін, әрбір мақалдың тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын қатар түсіндіріп отырамын. Мұндай жағдайда оқушылар мақалдарды құрғақ жаттап қана қоймай, оның мазмұнын, мағынасын ашуға, түсінуге талаптанады. Тіл дамыту үшін сөздік жұмыстарына да көп көңіл қоя білу керек.

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыста. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естейді, тындайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді. Тіл дамыту жұмыстары грамматикалық зандықтармен байланысты жүргізілуі тиіс.

Морфологияны оқытуда оқушылар тілін дамыту жұмыстарында сөз мағыналары, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін туралы тіл білімінің дәлелденген тұжырымдары басты рөл атқарады. Осыған орай морфологиялық тұлғаларды оқушы тілін дамыту мақсатына сай сөйлеу тәжірибесінде қолдануға септігі тиер білім мазмұнын нақтылау көзделеді. Оқушылар тілін морфологияны оқыту арқылы дамытуда олардың сөз мағыналарын жетік біліп , сөйлеу кезінде дұрыс пайдалануға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту – ең басты жұмыс. Сондықтан морфологияны оқыту арқылы тіл дамытуда лексикология ғылымының жетістіктері басшылыққа алынды.

Морфологияны оқыту арқылы тіл дамыту жұмыстарын жүргізгенде жаттығу материалдарында мақал-мәтелдер, кеңінен қолданылады. Мысалы, сөздің грамматикалық мағынасына қатысты практикалық сабақта мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын тапқызу оқушының грамматикалық мағынаны түсінуіне әрі сөз байлығын арттыруға мүмкіндік береді. Немесе, берілген сөздерді (мысалы, ерлік, тәрбие, жүрек, ел, батыр т.б.) грамматикалық көрсеткіштер арқылы түрлендіріп, сол сөздер туралы мақалдарды тауып жазғызу да оқушының морфологиялық тұлғаларды ажырата отырып, сөздік қорының жетілуіне әсер етеді.
Мақалдармен жұмыстың бірнеше түрі бар:

1. Мақалды үстеу.
2. Мақал мазмұны бойынша жұмыс.
3. Мақалды сөйлеу әрекетінде қолдану.

Үстеу кезеңінде тақтаға мақалды жазамыз. Алдымен мұғалім оқиды. Сонан соң оқушылар қайталайды. Түсіндіру кезінде алдымен кейбір сөздерінің мазмұнын синониммен түсіндіруге болады. Мақалдың мағынасын ашу кейде қиындық туғызады. Бұл мұғаліммен сөйлесуге жағдайын ұсыну арқылы түсіндіруді қажет етеді. Мысалы: мақалдың құрамында жиі кездесетін «ырыс, несібе, құт» сөздерінің мағынасын ұлттық

сипатта түсіндіру қажет. Өйткені, бұл сөздердің аудармасы мағынасын дәл ашып бере алмайды. Мысалы:

1. Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы.
2. Байлық-мұрат емес, кедейлік ұят емес.
3. Отан оттан да ыстық.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізгенде ғана дұрыс нәтиже береді. Тіл дамытуға арналған жұмыстардың барлығы оқушылардың тіл байлығын, білім деңгейін, сана сезімін, сауаттылығын дамытуға көмегі зор.

Білім беру тұжырымдамасында өмір талабы ретінде екі тілде сөйлеуді одан әрі орнықтыру, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылады. Орыс тілінде жүргізілетін білі ошақтарында оқушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде пайдалана отырып, тиімді қолдана білудің маңызы зор – деп білемін. Сондықтан да оқушылар алған білімдерін өз қажеттілігіне ғана пайдаланып қоймай сонымен қатар, өзгелермен де бөліссе ұтымды амал болып табылар еді.

Әдебиет

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. -Алматы: Мектеп, 1978-495 б.
2. Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. -Москва:
3. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. –191 б.
4.Байтұрсынов А . Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. Государственное издательство Министерства просвещения РСФСР, 1957. –295 с.
6. Қайдар Әбдуәли. Бір мың әсерлі де бейнелі оралым (этнолингвистикалық түсініктеме берілген қазақша-орысша фразеологиялық сөздік). -Астана: Білге, 2003. –368 б.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1977. –712 б.

Смирнова Л.И.
ОГБПОУ «Смоленская академия профессионального образования»
г. Смоленск, Российская Федерация

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ УЧЕБНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ «ХИМИЯ» В ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТЯМ ТЕХНИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ

Аннотация: дается характеристика накопленного опыта в реализации принципа профильного обучения при освоении дисциплины «Химия» студентами, обучающимися по различным специальностям технического профиля, и роли знаний в области химии в формировании профессиональной компетентности

Ключевые слова:
химия, мамандану, мазмұны, акцентуация, құзыреті, оқыту, жүзеге асыру, ерекшелігі
chemistry, specialization, content, accentuation, competence, training, implementation, specificity

Химия является одной из важнейших фундаментальных дисциплин подготовки специалистов технического профиля различного уровня образования. Изучение химии способствует освоению основ будущей профессии, развивает мышление, позволяет понять закономерности окружающего мира. Понимание законов химии и сущности физико-химических явлений необходимо для совершенствования существующих, и создания новых процессов, веществ и материалов [1].

С целью повышения мотивации и уровня профессиональной подготовки обучаемых за счет осознания необходимости знаний по химии при освоении специальных дисциплин и в будущей профессиональной деятельности, учебный процесс в учреждениях СПО должен иметь профессиональную направленность технических дисциплин.

При подготовке специалистов в СПО важным является принцип профильности. Его сущность состоит в том, что программный материал, изучаемый по данной дисциплине, сохраняет логику той науки, которой он соответствует. Учебные элементы подобраны таким образом и рассматриваются с таких позиций, которые учитывают особенности профессиональной подготовки обучаемых [2]. При реализации данного принципа в обучении, студент познает систему профессиональных знаний, которые ему необходимы для последующего изучения общепрофессиональных дисциплин, так как без этого он не сможет компетентно реализовать свою будущую деятельность, а при продолжении образования они способствуют восприятию профильного материала, делая его менее сложным [3].

Деңгейлеп – саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг ұпай – балл жинау әдісімен бағаланады.

Мысалы:

I деңгейде 5 сұрақ · 2 ұпай – 10 ұпай;

II деңгейде 4 сұрақ · 3 ұпай – 12 ұпай;

III деңгейде 3 сұрақ · 5 ұпай – 15 ұпай;

IV деңгейде 1 сұрақ · 10 ұпай – 10 ұпай.

Оқушылардың жинаған ұпайларына қарай төмендегідей баға моноторингі белгіленеді.

Мысалы:

I деңгейден 8-10 ұпай жинаса «3» баға;

I-II деңгейден 11-12 ұпай жинаса «4» баға;

I-II-III деңгейден 23-27 ұпай жинаса «5» баға.

IV – олимпиадалық деңгейге қосымша жұмыстың орындалу дәрежесіне қарай «4» немесе «5»-пен бағаланады.

Дәстүрлі «5» балдық жүйедегі «2» баға алудан, деңгейлеп – саралап оқыту технологиясындағы «сынақ – есепке алу» жүйесі оқушының пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттырады. Оқушы бір деңгейден екінші деңгейге көтерілуге, көбірек ұпай жинауға ұмтылады.

Осы тұрғыдан «үлгерімі төмен, баяу қимылдайтын» оқушы жақсы оқитын оқушыларға ілесе алмай, I деңгейден аса алмай қалған жағдайда не істеуге болады деген сұрақ туады. Осыған орай оқушыға барлық деңгейде міндетті түрде орындайсын деген талап қою артықшылық, ол дегеніміз оқушы психологиясына қысымшылық жасау болып саналуы мүмкін. I деңгейлік тапсырманы орындаса, оны «3»-ке бағалап, қалған орындай алмаған тапсырмаларын үйге орындатуға беру керек. Оқушы өзінше ізденіп, сол

тапсырмаларды орындап келуге талпынады. Сонымен бірге сабақта деңгейге ілесе алмай отырған оқушыларға барлық тапсырмаларды орындап, жұмысын тапсырған оқушылар жұмыстың орындау бағытына кеңес беру арқылы көмектесе алады. Сонымен қорыта айтқанда деңгейлеп-саралап оқытудың ерекшеліктері:

- *таланттылар өз қабілеттері мен икемділігін одан әрі бекіте түседі;*
- *оқушыны өз қабілетіне, болашағына сенуге дағдыландырады;*
- *оқушыны ынталандыруға үйретеді;*
- *әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады;*
- *оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығы пайда болады;*
- *баға әділ қойылады.*

Жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасаса, сонымен бірге оқушының ойлау қабілетінің шыңдала түсуіне әсер етеді. Оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында өзін-өзі жетілдіріп, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Валиева Г.П
КГУ“Общеобразовательная средняя школа №21”
г. Жезказган, Республика Казахстан

ТЕХНОЛОГИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА КАК РЕСУРС ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Основная цель работы заключается в выявлении возможностей информационно-коммуникационных технологий в повышении результативности обучения, развитии креативных способностей обучающихся на уроках английского языка, реализации творческого потенциала каждого участника учебной деятельности.

Современная школа сегодня не может жить в разрез с изменениями, происходящими в мире. И одной из задач современной школы не случайно является качественное улучшение подготовки учащихся к жизни в условиях современного общества. Эту задачу школа может решить только на основе повышения квалификации и педагогического мастерства учителя, применение им новых методов и форм их решения. Современный учитель как один из важнейших участников образовательного процесса не может сегодня не учитывать в своей работе результатов постоянного и стремительного совершенствования информационных технологий. Система образования отказывается от традиционного представления результатов обучения в виде знаний, умений и навыков, формулировки стандарта указывают реальные виды деятельности, которыми учащийся должен овладеть к концу обучения. Важным элементом формирования универсальных учебных действий обучающихся обеспечивающим его результативность являются ориентировка школьников в информационных и коммуникативных технологиях и формирование способности их грамотно применять.

Использование современных педагогических технологий позволяет перейти:

• от обучения как функции запоминания к обучению как процессу умственного развития;
• от статической модели знаний к динамической системе умственных действий;
• от ориентации на усреднённого ученика к дифференцированным и индивидуальным программам обучения;
• от внешней мотивации обучения к внутренней нравственно волевой регуляции.

С использованием ИТ в обучении во всем мире связаны надежды повысить эффективность учебного процесса, уменьшить разрыв между требованиями, которые общество предъявляет подрастающему поколению, и тем, что действительно дает школа. Эффективность применения ИТ для решения этих задач обусловлена следующими факторами:

- разнообразие форм представления информации;

- высокая степень наглядности;
- возможность моделирования разнообразных процессов;
- освобождение от рутинной работы, отвлекающей от усвоения основного содержания;
- хорошая приспособленность для организации коллективной исследовательской работы;
- возможность дифференцированного подхода к работе учащихся в зависимости от уровня подготовки, познавательных интересов и т.д.;
- организация оперативного контроля и помощи со стороны учителя

Использование информационно-коммуникационных технологий на уроках иностранного языка раскрывает огромные возможности компьютера как эффективного средства обучения. Компьютерные обучающие программы позволяют тренировать различные виды речевой деятельности и сочетать их в разных комбинациях, осознать языковые явления, способствуют формированию лингвистических способностей, создают коммуникативные ситуации, автоматизируют языковые и речевые действия, а также обеспечивают реализацию индивидуального подхода и интенсификацию самостоятельной работы учащихся. Цель обучения иностранному языку – это коммуникативная деятельность учащихся, то есть практическое владение иностранным языком. Задачи учителя - активизировать деятельность каждого учащегося в процессе обучения, создать ситуации для их творческой активности. А как же этого достичь - использовать богатые иллюстративные, звуковые и интерактивные возможности компьютера, которые создают благоприятный эмоциональный фон на занятиях, способствуя развитию учащегося. Дети не только получают важную и нужную информацию, но и испытывают очень сильные положительные эмоции, такие как удивление, восторг, радость, азарт, что способствует развитию речевой активности, внимания, воображения, творчества, и самое главное, росту положительной мотивации к изучению предмета. Возможность применения ИКТ средств в обучении иностранному языку необычайно широка. Включение обучающихся в образовательную деятельность осуществляю на основе системно-деятельностного подхода, который позволяет организовать процессы мотивации обучающихся, строить и корректировать способы действий в условиях фронтальной, групповой и индивидуальной работы, организовывать рефлексию, самоконтроль, осуществлять самооценку и коммуникативное взаимодействия. ИТ не только облегчают доступ к информации и открывают возможности вариативности учебной деятельности, ее индивидуализации и дифференциации, но и позволяют по-новому организовать взаимодействие всех субъектов обучения, построить образовательную систему, в которой ученик был бы активным и равноправным участником образовательной деятельности.

Таким образом, использование информационных технологий на уроках иностранного языка способствует тому, чтобы:

1. Найти пути включения каждого ученика в процесс урока, используя его индивидуальные способности;
2. Создать благожелательную творческую атмосферу на уроке;
3. Постоянно обращаться к субъектному опыту школьников как опыту их собственной жизнедеятельности;
4. Искать и находить наиболее эффективные пути усвоения знаний;
5. Раскрыть и реализовать личностные особенности и ученика и учителя.

При работе с новыми технологиями меняется и роль педагога, основная задача которого – поддерживать и направлять развитие личности учащихся, их творческий поиск. Отношения с учениками строятся на принципах сотрудничества и совместного творчества. В этих условиях неизбежен пересмотр сложившихся сегодня организационных форм учебной работы: увеличения самостоятельной индивидуальной и групповой работы учащихся, отход от традиционного урока с преобладанием объяснительно-иллюстративного метода обучения, увеличение объема практических и творческих работ поискового и исследовательского характера. Выполнение заданий с использованием новых информационных технологий позволяет учащимся погружаться в реальную языковую среду через телекоммуникационное обучение с носителями языка, дидактическим и справочным материалам, к актуальной аутентичной информации.

Изучение английского языка с использованием ИКТ дает детям возможность принимать участие в тестировании, в викторинах, конкурсах, олимпиадах, проводимых по сети Интернет, переписываться со сверстниками из других стран, участвовать в чатах, видеоконференциях и т.д. Учащиеся могут получать любую информацию по проблеме, над которой они работают, а именно: лингво- страноведческий материал, новости из жизни известных людей, статьи из газет и журналов, необходимую литературу и т.д. Классические и интегрированные уроки в сопровождении мультимедийных презентаций, on-line тестов и программных продуктов позволяют моим учащимся углубить знания, полученные ранее, как говорится в английской пословице - “Я услышал и забыл, я увидел и запомнил”. Применение новых информационных технологий на уроках английского языка, и во внеклассной работе, несомненно, является неотъемлемой составной частью процесса обучения, расширяет рамки образовательного процесса, повышает его практическую направленность, повышает мотивацию учащихся в образовательном процессе и создает условия для их успешной самореализации в будущем.

В заключении можно сказать, что эффективность применения средств ИКТ в сфере обучения иностранным языкам зависит от способов и форм применения этих технологий, от того, насколько грамотно учитель владеет методикой работы с ними, от используемых им электронных ресурсов.

Литература

1.Кузовлев В. П. и др. English – М.: Просвещение, 2001.

2. Черниченко О. Н. Информационные технологии в учебном процессе – М.: Издательство «Учитель», 2007.

3.Полат Е. С. Обучение в сотрудничестве // ИЯШ №1 2000 г.

4. Полякова Т. Ю. Английский язык для диалога с компьютером - М.: Просвещение, 1998 г.

Искакова Э. К.
«№21 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА «ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БІЛІМІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

В данном докладе развитие позновательного интереса учащихся определяется организацией использования иновационных методов на уроке математики. Инновационные технологии предполагают: повышение уровня мотивации к учебному труду, формирование высокого уровня развития учащихся на основе включения их в постоянную усложняющуюся деятельность. Для формирование умения и навыки школьников учитель использует методы наваторов- педагогов, которые направлены к развитию личности ученика.

Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттердің бірі-жастарға терең білім мен тәрбие беру. Ал оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсарту болып табылады. Дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны технологияландыру қажеттігі туады.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе оқушылардың дара ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту және әр оқушыны дара тұлға ретінде қарастыру, қиыншылықтан жол тауып шығу, сыныпта, әрбір сабақта психологиялық ахуалды

жақсарту, оқуға құштарлықты ояту және оқу мен тәрбиені ұштастыра білуде педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары екені даусыз.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы.

Ғалым академик В.М.Монаховтың пікірінше «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі». Олай болса осындай технологиялардың бірі «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы.

Үш өлшемді әдістемелік жүйе технологиясы дегеніміз – оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технология үш деңгейде берілген. Деңгейлеп оқыту оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі технологиясы- ол мұғалімнің шығармашылық қызметін және өзекті даму аймағынан ең жақын даму аймағына көшетін оқушының белсенді өздік танымдық іс-әрекетін көздейді. Мұнда оқу материалының мазмұны дайын ақпарат күйінде берілмейді,оқушының өздік еңбегі арқылы сапалы білім алу құралы ретінде ұсынылады. Бұл технологияның мазмұнын ,ерекшеліктерін түсіну үшін, дәстүрлі оқытумен салыстырайық.

Егер дәстүрлі оқытуда оқу-тәрбие үрдісінде басыңқы рөл мұғалімде болса, қазір белсенді қызметті оқушы атқарады,оны оқытпайды,ол өзі оқиды. Дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға дайын,дұрыс ақпаратты берген,оқушы тек тыңдап,ақпаратты қабылдап отырған. Сабақта тек репродуктивті әдістер қолданылған (лекция,сұрақ-жауап,жаттығулар орындау т.б.). Қазіргі кезде оқушы өзі ізденіп,өзі оқып, өзі үйренеді. Сабақта проблемалық оқыту іске асады (жағдаятты шешу,балаға ой тастау,«миға шабуыл»,дебаттар,т.б.). Мұғалім сабақта басқарушылық міндеттер атқарады,оқушыға бағыт-бағдар беріп тұрады». Әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін , қызығушылықтарын анықтауға болады. Оқушының қызметі көптеген тұлғалық қасиеттеріне қарай бағаланады (интеллектуалды дамуы,тіл мәдениеті,дербестігі,инициативасы,жауапкершілігі,т.б.). Әрбір оқушының дамуы басқа оқушымен емес,өзімен салыстырылады. Оқушыға өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Бұл технологияда жеке және топтық оқу түрлері негізгі болып табылады. Топтық оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Мұндай топта оқушы өз даралығын жоғалтпайды. Қажетті жағдайда оқушылар бір-бірінен көмек сұрай алады,ортақ міндеттерді шешеді. Бұл жағдайда әрбір оқушы тек өзінің жетістіктерін бағалап немесе кемшіліктерін түсініп қана қоймайды, сонымен бірге ортақ нәтижеге өзі қалай әсер ететінін көре алады. Жеке оқыту түрі оқушыға кейбір тапсырмаларға тереңінен тоқталуға мүмкіндік береді, өзінің де, мұғалімнің де алдында тапсырмалар жүйесін орындау нәтижесіне жауапты болуға үйретеді. Оқытудың бұл түрлерінің негізгісі – оқушыға сенімділік, өзіне жауап беру қабілетіне сүйену, ар-намыс және өзін-өзі сыйлау қасиеттерін ынталандыру. Аталған технология бойынша жұмыс істеуде күнтізбелік жоспарды жасау барысында ең алдымен барлық тақырыпты модульге бөлу керек.). Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту немесе қазақ сыныптарында оқыту болсын бұл технология барысында белгілі бір модульдік жүйеге негіздеу тиімді. Мысалы; ОҮӘЖ-нің талабы бойынша күнтізбелік жоспарда анықталған әр модульдің (тараудың), тоқсанның және жылдың соңында (жоқ дегенде,екі) қорытынды сабақтар өтілуі тиіс.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әр түрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік туады.

Сонымен қатар дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға толық мүмкіндік береді. Өйткені ол оқушының ойлау, елестету мен есте сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін білім сапасын дамытуға көмектеседі. Осыған орай сабақ барысында әр

оқушының қабілетіне, мүмкіндігіне қарай міндетті 3 деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаймын. Тапсырмаларға төмендегідей талаптар қойылады.

Оқушылық деңгей:

1) Жаттап алуға лайықты болу керек.
2) Өткен сабақта меңгерген білімді қайталап пысықтау
3) Жаңа тақырыптағы тапсырмалар өмірмен байланысты болуы керек

Мұндай тапсырмаларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызығушылық жақтарына көңіл бөлу керек.

Алгоритмдік деңгей:

1) Өткен сабақтағы оқу материалдарын жүйелеуге берілген тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырамаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдаланады.

2) Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Бұлар логикалық есептер, ребустар, сөзжұмбақтар.

Эвристикалық деңгей:

Мұндай есептерді шешу барысында оқушылар жаңа есептерге тап болады да, проблемалық жағдай туындайды. Оны шешу үшін оқушы жаңа әдістер іздеуі керек.

1) Өздігінен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігінен шығаруға берілетін тапсырмалар

2) Оқушылардың белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, икемділігін байқататын дүние жасауы (теорема дәлелдеп, заңдылықтарды қорытып шығарады).

Шығармашылық деңгей:

1) Олимпиада есептерін шығару
2) Берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындайды.

Демек, бұл тапсырмалар оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады.

Күнделікті сабақ жоспарының барысын төмендегідей үлгіде жасаған тиімдірек.

Кезеңдері: Оқушыларға берілетін тапсырмалар

1-ұйымдастыру кезеңі, «Көпір»тапсырмалары

Мақсаты: а) Ұйымдастыру сәтін өткізу

б) Өткен тақырып бойынша деңгейлік тапсырмаларды кім қаншалықты аяқтап келгенін тексеру әдісі.

в) жаңа тақырыпты меңгеруге қажет болатын өткен материалдарды қайталау

әдісі: сұрақ – жауап

формасы: жекеше, фронталды.

II кезең (топтық жұмыс)

Жаңа сабақты өз бетімен меңгерту тапсырмалары

«Білу»тапсырмалары

Мақсаты:а) Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп көруге мүмкіндік туғызу. Мазмұнын жұмыс дәптерінен қарау.

б) Мұғалімнің көмегімен а) пункітінде берілген жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды бірге талқылап, оқушылардың өзіне ереже, анықтамаларды қорытып шығарту.

«Түсіну» тапсырмалары

Меңгерген теориялық білімдерін қарапайым мысалдармен бекіту сәті, яғни жаттығулар орындау, мысал-есептер шығару.

III кезең (жеке жұмыс)

Деңгейлік тапсырмаларды орындап, балл жинау кезеңі

«Кері байланыс»Теория «Білу»

I деңгейдің есептері

Практика Оқулықтағы тапсырмаларды орындайды.

2 деңгей (5 балл + 4 балл = 9 балл)

«Түсіну» тапсырмалары

II деңгейдің есептері

Практика Оқулықтағы тапсырмаларды орындайды.

3 деңгей (9 балл + 3 балл =12 балл)

«Жинақтау» тапсырмалары III деңгейдің есептері

Қорытынды:

1) Өз тәжірибемнен үлгерімі нашар оқушылардың өзі ең болмағанда «Оқушылық» деңгейге сәйкес білімді толық меңгеретініне көз жеткіздім.

Себебі, кез келген оқушы «оқушылық» деңгейдің тапсырмаларын толық, дұрыс орындамаса келесі деңгейге көшпейді. «Міндетті» деңгейді толық меңгергеннен кейін оқушы әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне-өзінің сенімі артады.

2) Оқушының даму бағдары анықталып, өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптасады.

3) Саралап деңгейлеп оқыта отырып оқушылардың орындаған тапсырмалары арқылы олардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім оқу материалының оқушы үшін қай жері қиындық туғызғанын анықтап, қосымша тапсырмалар арқылы білім деңгейін арттыруға жағдай жасайды.

Ұсыныс:

1) Оқытудың қай түрін қолдансақ та ең бастысы – оқушыға деген сенім, сондықтан оқушының өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйене отырып, оған деген сенімді арттыру.

2) Жаңа технологияның талаптарына сай жаңа оқулықтар буынын жазу болып табылады, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар қажет.

Бұл айтылғандар жаңа педагогикалық технологияның барлық мүмкіндіктерін әлі толық ашпайды. Оның басқа да талай тиімді тұстарын күнделікті ұстаздық тәжірибеміздің анықтай беретінімізге сенеміз.

Әдебиет

1. «Математика және физика» журналы
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық үшініші басылым.

Салықбаева Б. Ж.
«№21 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

АЛГЕБРАЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДІҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

Қоғам қашанда дарынды, қабілетті адамдарға мүдделі. Қоғам барған сайын күрделене түсуде. Қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты ой-қызметін мол шығармашылықты қажет етеді. Қазіргі кезде ғылым мен техникалық даму деңгейі әрбір адамға сапалы терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Егеменді елдің ертеңі оқу білімінің тереңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілетпен қажеттіліктерді толассыз, үздіксіз дамытуды талап етеді. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалы өзгерістер білімді және білімін практика жүзінде қолдана білетін қоғам мүшелерін талап етеді. Ғылыми зерттеу табандылықты, шыдамдылықты, көп ойлануды, сондай-ақ еңбектенуді талап етеді. Оқушының өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының ғылымға деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады.

Алгебралық теңдеулерді шешудің негізгі тәсілдерімен танысып, кең көлемде есептерді шешуді зерттеу.

I. $(ax^2+b_1x+c)(ax^2+b_2x+c)=Ax^2$ түрінде жазылатын теңдеулер.

Бұл теңдеуде c≠0 a≠0 деп алайық $x\neq 0$ болғандықтан, теңдеудің екі жағын x^2-қа бөліп мынадай мәндес теңдеуге келеміз

$$\left(ax+\frac{c}{x}+b_1\right)\left(ax+\frac{c}{x}+b_2\right)=A$$

Енді $y=ax+\frac{c}{x}$ алмастыруының көмегімен мынадай мәндес жүйеге келеміз

$$\begin{cases} y=ax+\dfrac{c}{x} \\ (y+b_1)(y+b_2)=A \end{cases}$$

1-мысал: теңдеуді шешу керек: $(2x^2-3x+1)(2x^2+5x+1)=9x^2$

Шешуі: $x^2\neq 0$ болмағандықтан теңдеуді мынадай түрге келтіреміз

$\left(2x+\frac{1}{x}-3\right)\left(2x+\frac{1}{x}-5\right)=9$. $2x+\frac{1}{x}=t$ белгісін енгізіп, мынадай жүйеге келеміз

$\begin{cases} t=2x+\dfrac{1}{x} \\ (t-3)(t+5)=9 \end{cases}$ Бұл жүйені шешіп табамыз $x_{1,2}=\frac{2\pm\sqrt{2}}{2}$, $x_{3,4}=\frac{-3\pm\sqrt{7}}{2}$.

II. Толық квадратты бөліп алу тәсілі

2-мысал: Теңдеуді шешу керек: $x^2+\frac{x^2}{(x+1)}=3$

Шешуі: Берілген теңдеуді түрлендірейік

$\left(x-\frac{x}{x+1}\right)^2+\frac{2x^2}{x+1}=3$ немесе $\left(\frac{x^2x+1}{}\right)^2+\frac{2x^2}{x+1}=3$. $\frac{x^2}{x+1}=a$ белгісін енгізейік

онда мәндес мынадай жүйеге келеміз $\begin{cases} \dfrac{x^2}{x+1}=a \\ a^2+2a-3=0 \end{cases}$. Бұл жүйені шешіп табамыз

$x_{1,2}=\frac{1\pm\sqrt{5}}{2}$.

III. Бір текті теңдеулер

3-мысал: Теңдеуді шешу керек

$$5\left(\frac{x-2}{x+1}\right)^2-44\left(\frac{x+2}{x-1}\right)^2+12\left(\frac{x^2-4}{x^2-1}\right)=0$$

Шешуі: Теңдеудің екі жағын $\left(\frac{x+2}{x-1}\right)^2$ өрнегіне бөліп оны мынадай түрге

келтіреміз $5\left(\frac{x-2}{x+1}\right)^2\left(\frac{x-1}{x+2}\right)^2+12\frac{(x-2)(x-1)}{(x+1)(x+2)}-44=0$. Енді $\frac{x+2}{x-1}\neq 0$ ескеріп

$\frac{(x-2)(x-1)}{(x+1)(x+2)}=a$ айнымалысын енгізіп мынадай жүйеге келеміз $\begin{cases} \dfrac{(x-2)(x-1)}{(x+1)(x+2)}=a \\ 5a^2+12a-44=0 \end{cases}$

. Бұл жүйені шешіп табамыз $x_1=\frac{-9-\sqrt{73}}{2}$, $x_2=\frac{-9+\sqrt{73}}{2}$.

IV. Төртінші дәрежелі симметриялы теңдеулер

<u>Анықтама:</u> $ax^4+bx^3+cx^2+bx+a=0$, $a=0;\ a\neq 0$ (*)

$ax^4+bx^3+cx^2+bx+a=0$, $a\neq 0$ (**) түріндегі теңдеулер төртінші дәрежелі симметриялы теңдеулер деп аталады $x\neq 0$ болмағандықтан (*) теңдеуінің екі жағы x^2-қа бөліп мынадай мәндес теңдеуге келеміз. $a\left(x^2+\frac{1}{x}\right)+b\left(x+\frac{1}{x}\right)+c=0$. Енді $x^2+\frac{1}{x^2}=\left(x+\frac{1}{x}\right)^2-2$ теңдігін ескеріп мәндес жүйеге келеміз $\begin{cases} y=x+\frac{1}{x} \\ a\left(y^2-2\right)+by+c=0 \end{cases}$ осы сияқты (**) теңдеуі $\begin{cases} y=x-\frac{1}{x} \\ a\left(y^2-2\right)+by+c=0 \end{cases}$ жүйесіне келеді.

4-мысал: Теңдеуді шешу керек $2x^4+x^3-11x^2+x+2=0$

Шешуі: $x^2\neq 0$-қа бөліп топтағаннан кейін мынадай теңдеуге келеміз $2\left(x^2+\frac{1}{x^2}\right)+\left(x+\frac{1}{x}\right)-11=0$. $y=x+\frac{1}{x}$ алмастыруынан кейін берілген теңдеуге мәндес жүйеге келеміз

$$\begin{cases} y=x+\frac{1}{x} \\ 2\left(y^2-2\right)+y-11=0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} y=x+\frac{1}{x} \\ 2y^2+y-15=0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} y=x+\frac{1}{x} \\ \left[\begin{array}{l} y_1=-3 \\ y_2=\frac{5}{2} \end{array}\right. \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x+\frac{1}{x}=-3 \\ x+\frac{1}{x}=\frac{5}{2} \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x=\frac{-3-\sqrt{5}}{2} \\ x=2 \end{cases}$$

$x=\frac{-3+\sqrt{5}}{2}$ $x=\frac{1}{2}$ ***Жауабы:*** $x_1=\frac{-3-\sqrt{5}}{2}$, $x_2=\frac{-3+\sqrt{5}}{2}$, $x_3=\frac{1}{2}$, $x_4=2$

V. Параметр енгізу тәсілі

Кейбір теңдеулерді шешкенде тұрақты санды параметр ретінде қарастыру тәсілі жақсы нәтиже береді.

5-мысал: Теңдеуді шешу керек $x^4-2\sqrt{2x^2}-x+2-\sqrt{2}=0$

Шешуі: $\sqrt{2}=a$ параметрін енгізіп теңдеуді *a-ға* байланысты квадрат теңдеу деп қарастырайық $a^2-2ax^2-a+x^4=0$. Бұл теңдеуді шешіп табамыз: $a_1=x^2-x$, $a_2=x^2+x+1$.

Енді берілген екі квадрат теңдеуді шешуге келтірілді. $x^2-x-\sqrt{2}=0$, $x^2+x+1-\sqrt{2}=0$. ***Жауабы:*** $x_{1,2}=\frac{1\pm\sqrt{4\sqrt{2}+1}}{2}$, $x_{3,4}=\frac{-1\pm\sqrt{4\sqrt{2}-3}}{2}$

VI. Теңдеуді бір функцияға көбейту тәсілі

Кейде теңдеудің екі жағын бір өрнекке көбейтсек, ол қарапайым түрге келеді де, оңай шешіледі.

6-мысал: Теңдеуді шешу керек $x^8-x^6+x^4-x^2+1=0$.

Шешуі: Теңдеудің екі жағын нақты түбірлері жоқ x^2+1 өрнегіне көбейтсек, берілген теңдеу мынадай түрге келеді $x^{10}+1=0$. Бұл теңдеудің нақты түбірлері жоқ, сондықтан берілген теңдеудің де нақты түбірлері жоқ.

Жауабы: $x\in 0$

VII. Бүтін сандар арқылы теңдеулерді шешу немесе анықталмаған теңдеулерді шешу.

Мұндай теңдеулерді шешудегі ең жиі кездесетін қарапайым тәсіл теңдеуді оның бір жағында сан, ал екінші жағында бірнеше өрнектердің көбейтіндісі болатындай етіп түрлендіру.

6-мысал: Бүтін сандар арқылы теңдеуді шешу керек $x^2-3xy=x-3y+2$.

Шешуі: Теңдеуді топтау арқылы мынадай түрге келтірейік $(x-3y)(x-1)=2$. Енді есептің шарты бойынша төрт жүйе құрамыз

$\begin{cases} x-3y=1 \\ x-1=2 \end{cases}$ $\begin{cases} x-3y=2 \\ x-1=1 \end{cases}$ $\begin{cases} x-3y=-1 \\ x-1=-2 \end{cases}$ $\begin{cases} x-3y=-2 \\ x-1=-1 \end{cases}$

Жауабы: (2; 0), (-1; 0).

Әдебиет

1. М.И. Зайкин, «Математический тренинг», Москва «Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС» 1996.
2. Б.Баймұханов, «Математика есептерін шығаруға үйрету», Алматы 1983 ж.
3. Бияров Т. Н., Молдабеков М. М., «Элементар математика есептерінің жинағы», Алматы 1992 ж.
4. Математика және Физика журналдары, 2004- 2009 жылдары.
5. Жәутіков О.А. «Жоғары математикаға кіріспе» Алматы 1984 ж.
6. А. Е. Әбілқасымова, Н. Р. Майкотов. «Алгебра» есептер жинағы, Алматы «Мектеп» 2005ж.
7. Қ. Қаңлыбаев, Н. Майкотов, М. Майкотов, Г. Бекжанова, Г. Базарбаева. «Алгебра» есептер жинағы. Алматы «Білім» 2001 ж.

Ә. Н. Шыныбеков «Алгебра 8 сынып», Алматы «Атамұра»

Жаналиева Н. А.
№ 13 ЖОББМ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу мен оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі - тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге

деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есіңде сақта».

Ал **сөздік** ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру **ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау** сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау **ойынды өткізуге әзірлік** болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру **ойынды өткізу** болып табылады. **Ойынды талдау**, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамыту

Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс-

қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі. Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.

Баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. 5-6 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту және сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша құзыреттілікті меңгерту. Болашақ ұрпақтың танымдылық белсенділігін дамыту ақыл-ой тәрбиесінің бір міндеті ретінде күш бүгінге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Ақыл-ой тәрбиесінің бұл аспектісі баланың ойлау операциясының, танымдық процестерінің және қабілетінің дамуына тікелей байланысты. 6-7 жастағы баланы оқу-тәрбие процесінде дамыту мәселесінде басты ролді ең алдымен баланың өздігімен әрекеті және танымдық белсенділігі атқарады. 6-7 жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту балабақшадағы педогогтардың үлесіне тиіп, ұйымдастыру шеберлігімен тікелей байланысты. Сондықтан бүгінгі күні тәрбиеші-педогог мамандарына түпкілікті білім берумен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ғылыми негіздерін практикада қолдануға, практикалық біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуде. Ең басты талап баланың бақыты мен тағдырына жауапкершілікпен қарап, дене, физиологиялық, психологиялық даму заңдылықтарын түсіну. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары өзін жай ғана тәрбиешімін деп қарамай, жалпы мәдениетін және кәсіби біліктілігі мен даярлығын жетілдіру қажет. 6-7 жастағы балалардың психологиялық ерекшелігі қоршаған ортадағы дүниені танып білсем деген қызығушылығы басым болып келеді. Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, сабақта педогог-тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін тәрбиеші-педагог алдында тұрған ертеңгі мектеп оқушысы деп қарап, баланың мінез құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау,сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек. Сондықтан осындай ерекшелігін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жүргізу қажет. Тәрбиеші - педагог - мектепалды жастағы балалардың танымдық, белсенділігін қалыптастыруда, оның көзін ашуда басты тұлға. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру мәселесі жоғары деңгейде шешіліп, оқытудың жаңа технологиялары енгізіліп, сапалы нәтижелері байқалып отыр. Сонымен бірге, оқушылардың танып, білуге, қабілетін дамытуға, өз пікірін еркін айтуға шығармашылығын дамыту арқылы іске асырылады. Сыныптан тыс жұмыстарды көптеп қатыстыруға, ойландыруға мүмкіндік туады. Оқушылар мен студенттердің танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында танымдық ойындар колданудың маңызы зор. Ойын дегенміз-жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып

жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытты пайдалану - үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын-тек жас адамның дене күш қуатын молайтып, оны шапшандыққа, дәлдіке, оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниенің қалыптасуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық, қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын дегеніміз-ұшқын, білімге құмарлық пен іліктеудің маздап жанар оты. Ұлы педагог А.С. Макаренко ойынға үлкен мән бере отырып, өзі басқарған мекемелерінде ойынды тәрбиеленушілер өміріне міндетті түрде енгізіп отырады. Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін камтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді- деп қарастырады. Ойынды зерттеу мәселесімен педагогтар мен психологтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар т.б әсіресе өнер қайраткерлері түрлі саладағы ғалымдар ерекше шұғылданған. Біздің қарастырып отырғанымыз-танымдық ойындар. Танымдық ойындардың түрлері көп. Мысалы, сөз жүмбақ, сөз тізбек, крассворд, викторина, психологиялық жаттығулар, логикалық есептер, тренинг, тест, т.б Танымдық ойындар жас ерекшеліктеріне қарай күрделене түседі. Адам бойындағы қызығушылығын, қабілеттерін арттыруға, білімін шыңдауда танымдық ойындардың алар орны ерекше.Адамның танымы биіктеген сайын, дүниеге көзқарасы да кеңейе түседі.
Демек, ойын балалардың соған дейінг білімдері мен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге белсенді таным іс-әрекетінің өзінше бір формасы болып табылады, соның барысында олар тәрбиешінің басшылығымен жаңа білім меңгереді.

Әдебиет

1. Бала мен балабақша (Республикалық педагогикалық журнал) № 10 2014ж
2. Мектепалды даярлық мектепте және балабақшада (Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал) № 4 2015ж
3. Айдосва З Граматикалық ойындар арқылы балалардың белсенділігін арттыру 2004ж
4. Табылдиев Ә Қазақ этнопедагогикасы-Алматы 2001ж
5. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары - Өскемен, 2004
6. Дамыта оқыту-білім мен тәрбие өзегі.//Қазақстан мектебі. Айсина М. 2006. №2
7. Тәрбие құралы (Республикалық ғылыми- педагогикалық журнал) 2014ж

Қалтаева М. А.
№13 жалпы білім беретін орта мектебі
Жезқазған қ ., Қазақстан Республикасы

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Адам байлығының ең тамашасы - білім.
Барлығы соған ұмтылады, бірақ ол өзі келмейді»
Әбу-Райхан әл-Бируни

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған

байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің тиімді жолы - білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Өйткені, оқушы мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар іс жүзіндегі білімінің алғы шарттарын меңеруі тиіс. Ал теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз. Ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділіктің технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне: оның іргерлілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады. XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты- оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай-ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады.

1. **Дамыта оқыту** оқушының жеке басын дамытатын басты құрал.

Дамыта оқыту технологиясы.– оқушының алған білімін өзіндік ойлаумен ұштастыратын бірден-бір әдіс. Бұл технологияларды қолдану көркем шығармалардың мәтіні арқылы сөздің мағыналық – қисындық құрылымына назар аударуды қажет етеді. Әдеби мәтіндердің көркемдік – тілдік ерекшеліктерін ажыратуға негіз болады. Көркем туындының мазмұнын түсініп, оны талдау барысында проблемалық сұрақтарға жауап беруді қамтамасыз етеді. Дамыту технологиясы әдебиетті оқытуда оқушыны жан-жақты ізденуге, өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуға, сонымен қатар, тұтас көркемдік талдау жасауды үйретеді.

Дамыта оқыту технологиясы - оқушының оқу, білім алу процесінде жан- жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды.

2. Оқытудың жетістігін бағалауда Блум таксономиясын қолдану әдістері

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

-ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау;

пәнге деген қызығушылығын арттыру;

-жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану

тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталатады. Оқушылар мұғалімнің үлгісі бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен тәжірибе жасайды. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар оларды

тапсырмаларды орындау үшін қолданады. Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады. Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады.

1) репродуктивті сипатқа бағытталған танымдық қызметті қамтамасыз ететін әдістер тобы;

2) оқушылардың өз бетімен білім іздену әдістер тобы, яғни проблемалық әдістер, олар проблеманы шешу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштауға бағытталады;

3) оқушылардың көркем-эмоционалдық белсенділігін дамытатын әдістер тобы;

4) оқушылардың меңгерген білімдерін өздері қоршаған ортаны тани түсуге қарай бағыттайтын практикалық әдістер тобы.

Когнитивтік ғылымда басты зерттеу нысаны – айналасын қоршаған дүние ақпараттарын өңдеуші адамның іс-әрекеттері, яғни когнициясы.

Жалпы таным-білімге, жан-жақты жинақталған ақпараттарға қатысты әрекеттердің барлығы когниция немесе когнитивтік әрекеттер деп аталады. Когнитивтік ілім заңдылығына сәйкес, адам тіл арқылы ақпаратты өңдеуші жүйе ретінде түсініледі, ал адамның әрекеті тіл арқылы оның ішкі жай-күйіндегі дүниелермен анықталады. Олай болса, когнитивизмнің негізгі қағидасын зерттеушілер еңбектеріне сәйкес былайша анықтауға болады:

- адамның ойлау тетігін зерттейтін бағыт;
- адам санасындағы ақпараттардың өңделуі;
- дүниенің ментальді моделін қалыптастырушы;
- тілде берілген адамның ойындағы ұғымның түсінілуі;
- ойлауды реттейтін психикалық қасиеттер.

Оқу мақсаттарының негізгі категориялары:

1) Білім;
2) Түсіну;
3) Қолдану;
4) Талдау;
5) Синтез (жүйелеу, жинақтау);
6) Бағалау.

I. Білу.

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

II Түсіну.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау;

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

III Талдау

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

IV Қолдану.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

V Синтез (жинақтау, жүйелеу).

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

VI Бағалау

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Әдебиет

1. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары; Жоба, /12 жылдық білім беру, 2006ж/.
2. Эльконин-Давыдов «Дамыта оқыту технологиясы»/ Педагогикалық шығармалар, 1998 ж/.
3. Оқу үрдісіндегі дамыта оқытудың мәселелері
4. Психологиялық ғылым және білім беру №1/2003 ж /
5. Оқытудың жаңа технологиялары /Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті Кәсіптік білім Орал 2011 жыл/
6. . Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М. 19882/
7. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, 2005.
8. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары - Өскемен, 2004
9. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдауы.
10. Қазақстан Республикасы Білім мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан мектебі, 28 қазан
11. «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
12. Айсина М. Дамыта оқыту-білім мен тәрбие өзегі.//Қазақстан мектебі.2006. №2

Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын

Смагулова М. Ш.
№13 жалпы білім беретін орта мектебі
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Отбасы-адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатыр. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі.Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қослып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр.

Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күй сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады.

Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, және тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Ағылшын тілі пәнінде көбіне рольдік ойындар, грамматикалық ойындар, танымдық ойындар қолданылады. Ойын – оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Іс-әрекетті кесте түрінде қарастырсақ, оқушының белсенділігімен білім сапасын көрсетеді.

Білім алумен оқушылардың қызығуы артады біліктілік оқушының қозғалысы жақсарады. Топпен жұмыс істеуге дағдысын баланы еңбек етуге дағдыланады. Танымдық әрекеттерді, ұйымшылдық қабілеті жетілдіреді. Ойлау қабілеті артады, дамиды. Осы іс-әрекеттер арқылы оқушыларды оқытуға да болады. Іс-әрекеттің мынадай түрлеріне тоқталсақ: «Matching», «Categories», «Fill in the blanks», «Dialogues», «Drawing», «Singing» осы іс-әрекеттің түрлерін сабақ үстінде қолданса өте тиімді нәтиже береді.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатындығын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін дамытады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде сабақта пайдаланылатын танымдық ойындар, сөздік ойындар жан-жақты дамытып білімді толық игеруіне көмектеседі.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес келсе, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығы артады. Ойын сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Сондықтан осы баяндамада тілді меңгерту мақсатында сабақта қолданылатын түрлі ойындармен таныстыра кетуді жөн көріп отырмын.

1. What's in the bag?-«Сумкада не бар?» ойыны

Мұғалім алдымен балаларға бір сумка алып келеді. Балалардан сұрайды. Балалар сумкада не бар? Балалар ішінде дәптер, қалам, кітап бар деп айта бастайды. Мұғалім бұл ойынды сабақ соңында қолданса болады. Әсіресе жаңа сөздерді еске түсіру үшін қолдануға болады. Мұғалім сумканың ішіндегі заттармен таныстырады.Сумкада не бар? Мұғалім оқушылардан What's this? Сұрағы арқылы затты көрсету арқылы сұрайды. Мысалы: pen, copybook, pencil, ruller, rubber деп көрсетеді. Сосын оқушыларға жеке-жеке

қайталатады. Сөздерді ұмытпау керек. Сосын оқушыларға сумка ішіндегі заттарды таратып беріп, оқушылардан осы заттарды мына сұрақ арқылы сұрауға да болады. Мысалы: Who has a pencil? Who has a ruller? Жауап бергенде оқушылар кімде екенін табу керек. Оқушылар тапса Janar has a pencil деп табу керек. Бұл ойын оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сөздік қорлары молайып, есте сақтау қабілеті артады.

2. Board race-«Тақта сайысы» ойыны

Бұл ойынның шарты: Мұғалім оқушыларды екі топқа бөліп, ойынның ережесімен таныстырады. Бұл ойында мұғалім түстер, сандар, сөздер айтады сол айтылған сөздерді,сандарды оқушылар қатесіз жазу керек. Келесі оқушы әрі қарай жалғасын жалғастырып отырады. Соңында оқушылардың жазғанын тексеріп қателерін жөндеп қай топтың жеңгенін анықтайды. Мысалы: P-1----P-2:

Red----Red Ten---Ten Stone----StoneWinter----WinterBook----Book

Осылай рет-ретімен оқушылар жалғастырып болған соң қателерін жөндеп қай жақтын жеңгенін айтады. Бұл ойында оқушылар шапшаңдықты, дұрыс жаза білуді,есте сақтау қабілеттері артады.

3. Question Race-Сұрақтар сайысы

Бұл ойынның шарты: Мұғалім сол сабаққа қатысты сұрақтар қойылады. Осы сұрақтар оқушыларға таратылып беріледі. Оқушылар сол сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Осы сұрақтар арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттері артып, сөздік қорлары молайып, сабаққа деген қызығушылығы артады. Мысалы жыл мезгілдерін өткен кезде суреттер арқылы да мынадай сұрақтар арқылы қолдануға болады:

1. How many seasons are there in a year? 2. What are they?
3. How many months are there in a year? 4. What are they?
5. What season is it now? 6. What month is it now?
7. How many days are there in a week? 8. What are they?

Қорыта келгенде, оқу үрдісінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді. Нәтижесінде:

1. Әр оқушының шығармашылығы артады; 2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады; 3. Оқушының жеке қабілеті анықталады; 4. Оқушы топ жаруға ұмтылады; 5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды; 6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады;

Әдебиет

1. Bell, A. Approaches to Media discourse. L., 1996.Curren J., Section J. Power without responsibility. The Press and Broadcasting in Britain. London, 1990.
2. Weine E., “ The Oxford Miniquire to English Usage” Clarendon Press., Oxford., 1998
3. Wild O., “ Plas, Prose Writing and Poems” J.M. Dent and Songs Ltd., London., 1975
4. Аракин В.Д.Практический курс английского языка. Издательский центр ВЛАДОС,1998.
5. Tony Dudley. Evans and Ashes”English for science” Long man GROUP Limited,1985.
6. Liz and John Soars.Work book Headway.
7. Качалова К.Н., Израилевич Е.Е.Практическая Грамматика английского языка.

Ташетова Г.Б.
Жезқазған қаласындағы №10 орта мектеп
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

В этой статье рассматриваются современные педагогические технологии. Дается классификация качественного использования новых информационных технологии в процессе обучения.

In this article modern teaching technologies are considered. It is presented a classification of qualitative employment of new information technologies in the education process.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификацилау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педогоикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді.

Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби бөліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету.

Бүгінгі күнде оқыту жүйесіндегі алға қойған негізгі мақсат – білімді жай ғана беру емес, оқуға үйрету, шығармашылық әдіс амалын таба білуге үйрету, ізденіс әдістерімен қаруландыру, қабылдау (түйсік) қабілетін жетілдіру, керек хабарды талдап одан қорытынды шығаруды әдетке айналдыру және тәжірбиелік әрекетті тану барысында алынған және жинақталған білімді қолдана білу қабілетін жетілдіру. Ақппараттық технологияны тікелей оқу үрдісіне қолдану мүмкіндіктері интернет, мультимедиялар, электрондық сөздіктер, электрондық оқулықтар тәрізді интерактивті оқыту әдістерінің тиімділігі.

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланып білім берудін әртүрлі аспектірлерін дамытуға болады. Олар: ақпаратты өндеудін когнитивті аспектілері, оқытудың мотивация аспектілері, оқытудың коммуникация аспектілер, оқытудың танымдық аспектілері.

Атап көрсетілген аспектілер негізінде ақпараттық технологиялардың оқыту үрдісіндегі ақпараттық коммуникативтік қызмет



Мәселен, «Қашықтасың туған жер», «Қағаздың түсіп бетіне», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» Әбунасыр әл-Фараби өлеңдерін түсіндіргенде, компьютерлік бағдарламада барлық тақырыптардын теориялық материалдары, өз беттерімен жұмыс істеуге арналған жаттығулар, әр тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар, оқушылардың білім сапасын тексеруге арналған тест тапсырмалар беріледі. Бұл бағдарламалардың ерекшелігі сол, сынып оқушыларының әрқайсысына жеке, жұппен, ұжыммен, топпен нұсқаулар бойыша жұмыс жүргізуге қолайлы.

Мысалы, сын тұрғысынан ойлау жобасы стратегиялары бойынша оқушылардың флипчартта жұмыс жасау тиімділігі көрсетілуде:

«Кубизм» стратегиясы Алты топқа бөлінеді.
Сутеттеңіз - Әл-Фараби дүниеге келген жер.
Ойыңызбен байланыстырыңыз - Әл-Фараби қандай ғылым салаларымен айналысқан?.
Салыстырыңыз –Ислам дәуір әдебиеті ақындары мен қазіргі заманғы ақындарды салыстыр.
Зерттеңіз - Өлеңдерінің негізгі тақырыбын анықтаңыз.
Қолданыңыз - Әл-Фараби өлеңдерін нақышына келтіріп мәнерлеп оқыңыз.
Талқылаңыз не қарсы шығыңыз - Әбунасыр әл-Фараби - Аристотельден кейінгі екінші ұстаз.
«Әдебиет үйірмесі» стратегиясы.
Сілтеме табушы : Өленді топпен дауыстап оқып негізгі тақырыбын анықтайды.
Іздеуші: Өленнің тақырыбы мен идеясын анықта. (әдебиет теориясы бойынша)
Қуғыншы: Ақынның өлең жазудағы мақсатын анықтайды.
Дәнекер: Ақын өленін қазіргі қазақ ақындарының өлеңдерімен байланыстыру.
Сұрақ қоюшы: Өлең оқу барысында пайда болған сұрақтарды топтарға қояды.
Сөз тапқыш: Әр топ өлең тақырыбына байланысты мақал – мәтелдер жазады, дәлелдейді.
Реттеуші: Топ мүшелерінің тақырыптан ауытқымай сөйлеу, сабаққа қатысуын реттеп отырады.
Мінездеме беруші: Әрбір топ «Тіршілікте құрыштай бол төзімді өленіне мінездеме беріледі.
Бейнелеуші: Өленге қатысты көріністерді ой елегінен өткізіп бейнелейді.
Жазушы: Әр топ талданған өлең мазмұнын қысқаша жазып шығады.
Әр топ талқылаған ойларын ортаға салып, ой тұжырымын жасайды.

«Түртіп алу» ***стратегиясы.*** Әбунасыр әл-Фараби өмірі мен шығармашылығына байланысты берілген мәтінді оқып, белгімен жұмыс жасайды.

«V»-білемін	«-»білмеймін	«+» жаңа мәлімет	«?» тереңірек білгім келеді
Араб, парсы, грек тілдерін меңгеріп, ғылыммен айналысқаны мәлім	Ғылыми еңбектеімен таныс емеспін	Ислам дәуіріндегі әдебиеттің екіге бөлінетіндігі	«Музыканың үлкен кітабы» деп аталатын еңбегімен танысу

Сөздікпен жұмыс: Трактат - шағын ғылыми еңбек.
Бағбан - бақты баптап, күтуші адам.

Осылайша ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқу материалын терен түсінуге;
- оқу мотивациясының артыруына;
- алған білімінің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына, т.б.

Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқыту үрдісін жетілдірудің моделі.

Оқыту мақсаты: оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыру
Оқыту мазмұны: ғылыми білімдер, тәжірибелік дағдылар жүйесі.
Оқыту құралдары (мультимедиялық, оқу құралдары): электрондық оқу материалдары (мәтіндік, графиктік, анимациялық, дыбыстық, бейнелік). Инструментальдық бағдарламалар. Тексеру, бақылау бағдарламалары.
Оқыту формалары: дәріс, тәжірибе, тапсырмалар, практикалық жаттығулар, нәтиже.
Оқыту әдістері: түсіндірмелі – иллюстративті (ақпаратты-рецевтивтік). Бағдарламалап оқыту (оқу материалын бөлшектеп ұсыну). Проблемалық оқыту: бастапқы, продуктивті (эвристикалық), шығармашылық..
Нәтиже: өмірде өзіне қоғамға пайдалы, қажетті білімі, ебдейлігі, дағдысы (компетентлік) қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиет

1. Н.В. Аппатов. Информационные технологии в школьном образовании. Москва 1994 г.
2. Ақпараттық технологиялар тиімділігі. // Қазакстан мектебі 6/2008
3. Ақпараттық технологиялар және білім сапасы. // Қазакстан мектебі 7/2008
4. Приемы педагогической техники. Москва. 2004г.

Райсова Г. С.
№14 жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Репубикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

В данном докладе рассматриваются игровые элементы для повышения интересы учеников на уроках иностронного языка.

The given report is about the elements of games to rise the students' interests at English lessons.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында.

Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан (жан жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашанда дамытып отыру.

Қазіргі заманғы үздіксіз өзгеріп жатқан жағдайында жоғары мектеп өз әрекетінде білім алушылардың зияткерлік (интеллектуалы) қабілеттерінің дамуына бағытталуы қажет. Өз кезегінде бұл қасиет білім алушыларға «техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістер мен олардың сан алуандығын саналы түрде түсініп, бастамашылдық, кәсіпкерлік рух пен икемділік секілді қасиеттерді қабылдап, қазіргі заманғы өндірістік ортада өзіне сенімді түрде еңбек ету мүмкіншілігін береді». Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШта) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын, бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Қазіргі уақытта қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Модульдік оқу технологиясының негізі білім алушының танымдық белсенділігін, танымдық іс әрекеттерінің әртүрлі іс әрекеттерін ойлау, зейін, қабылдау әрекеттерін, ойын арқылы және сөздік 130 байлықтарын дамыту. Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарымқатынас негізінде құруға болады. Бұл оқу үрдісі мен оқытушының жұмысына

мынадай өзгерістер туғызады: **біріншіден**, оқушы мен оқытушы оқудың ұйымдастырушысына айналады; **екіншіден,** мұғалім сабаққа алдынала зерттеу жасап, уақыттың көпшілігін сабақты даярлауға жұмсайды да, сабақ барысында тек бақылаушы, үйлестіруші қызметін атқарады. Ал дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда білім алушының сабаққа «таза парақ» күйінде келіп, оқытушының оны сабақта біліммен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсінеді. Шәкірт сабақта ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысады.. Бүгінге таңда енгізіліп отырған «Критериалды бағалау жүйесі» оқушыны әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйретеді. Критериалды бағалау:

- Мұғалімге оқушының оқу үрдісіндегі іс-әрекетін объективті түрде бағалауына мүмкіндік береді;
- Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, шынайы бағаланғандығына көзі жетеді;
- Ата-аналар тарапынан түсінбеушіліктер орын алмайды. Себебі өз баласының объективті бағаланғандығы туралы дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынас орнатылады. Оқушылардың өздеріне сенімсіздігі жойылады. Критериалды бағалаудың арқасында оқуға деген мүмкіндіктерінің арттады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар: білу, түсіну, қолдану, анализ, синтез, бағалау қолданылады.

Әрбір оқушының жүрегінің кілтін таба білу – мұғалімге оңай емес, десекте өз пікірін еркін жеткізе білетін, сандық технологияның қыр-сырын меңгерген, қазақ мәдениетін шексіз сүйетін, шығармашыл, тұлға қалыптастыруға негіз, ұйытқы бола білсем деймін. Заман талабына сай менің және менің оқушыларымның бойындағы өзгерістер осымен тоқталмайды, әрі қарай жалғасын табады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде оқытушылардың, педагог қызметкерлердің жан жақты білімі қажет.

Қазіргі оқытушы педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы білім алушы тек **тыңдаушы**, **орындаушы** ғана болса, ал қазіргі білім алушы **өздігінен білім іздейтін жеке тұлға** екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы.

Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта білім мазмұнын жаңарту мен сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында оқытудың педагогикалық технологиялары арқылы оқыту әдістерінің 50ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады.Педагогикалық технологиялар көптүрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі теориялық негізде орындалуы, екіншісі тәжірибемен жүзеге келуі. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдарымыз Ш.Қаланова, Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М.Жанпейісова, Ә.Жүнісбек және т.б. ғалымдарымыздың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан жақты қарастырылды. Оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану

мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық сияқты көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Оқушының өз бетімен білім алуына, өзіндік ой пікірін қалыптастырып, қорытынды жасай білуін, өз білімін өзі бағалай білуіне, қисынды ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, өзгеден ақылымызбен, білімімізбен озып, көшбасшылық таныта білсек,іс-тәжірибемізде өзгерістің енгенін көруге болады. Кәсіби шебер, құзіретті, көшбасшы бола білген мұғалім шығармашылық жетістіктің шыңына жетеді. «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» -деп А.Байтұрсынов айтқандай, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақты түрлендіріп, оқушының ынтасын арттырып, білім беруде оң нәтиже бермекпін. Түсіну дәрежесін бағалау үшін қойылатын сұрақ түрлерін де жетілдіруім қажет деп ойлаймын.

Әдебиет

1.Подласый И.П. Совершенствования методов обучения. в кн.: Выбор методов обучения в средней школе / под ред. Ю.К. Бабанской. Москва, 1991.
2. «Бастауыш сыныпта оқыту» - № 2, 2013ж.
3.Курт Мередит, Джинни Стил, Чарлзь Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал.Алматы, 2000

Шаңқұлова Г. Қ.,
№14 жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Шығармашылық процестің әр кезеңінде бала бойынша әртүрлі сапалық қасиеттер қалыптасып жатады. Мысал: алғашқы кезеңдерде жаңалықты сезщіну, қайшылықтарға деген күдік, шығармашылық елес орын алады.

2-3 сыныпқа арналған “Әдебиеттік оқу” оқулықтарындағы тақырып соңындағы тапсырмаларға дамытушылық сипат беру көзделеді. Мысалы: тапсырмалар оқулықтарды берілгендей әңгіме, ертегі, өлең, сурет мазмұнына сәйкес құрыла салмай, оқушының ізденушілігін, зертеушілігін қалыптастыратындай, ойлауға, пайымдауға, дәлелдеуге үйретететіндей етіп түзіледі. Олар мына төмендегідей тапсырмалар: шығарманың кейіпкерін сипаттап бер, олардың іс-әрекетіне сенің көзқарасың қандай, қандай баға бересің, заттар мен объектілерді салыстыр, ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықта, өленді өз сезімдеріңмен көңіл-күйіңді білдіре оқып шық, неге солай оқығаныңды түсіндір, әңгімені, ертегіні өз қалауыңша аяқта, жұмбақты дұрыс шешкеніңді дәлелде, оқиға болған уақытта көз алдыңа елестет және қиялдай отырып суретте, мақал-мәтелдің мазмұнына сәйкес өмірден мысалдар келтір, әңгіме құра және т.б. түрінде болып келеді. Бастауыш сыныпта жүргізіле бермейтін шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі-өлең жазғызуға баулу. Мен бұл жұмысты бірінші сыныптан, яғни баланың сауаты ашылып болған соң-ақ жүргізе бастады. Ол үшін алдымен оқушыларға ұйқас сөзінің мәнін түсіндіріп, өленделіндегі ұйқастарды табуға тапсырма бердім. Содан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасау үйреліледі .

Оқушыларды шығармашылыққа үйретудің тағы бір жолы-әңгіме, ертегілеер жазғызу. Бұл жұмысты төмендегіше бастадым. Сынып оқушыларына қағаз таратылып берілді. Оларға тақтада жазылып тұрған сұрақтардың астына жауап жазатын орын

қалдырып , баған түрінде көшіріп алу тапсырылады. Бірінші сұраққа әркім жауапты өзі жазады, сосын жауабын қағаздың жоғары сұрақ жазылған бөлігін бүктеу арқылы көршісі көрмейтіндей етіп жауып, парталас отырған балаға береді. Екінші сұраққа жауапты сол бала жазып, жоғарыдағы ретпен жұмыс жалғаса береді. Ең соңғы сұраққа жауап жазылып біткенде жұмыс жиналып алынады да, жалпы сынып алдында оқылады. Нәтижеде қызықты, күлкілі оқиғалар, қысқа мазмұнды әңгімелер тауып жатады. Сұрақтар мына төмендегідей болуы мүмкін.

Сынып жоғарылаған сайын әртүрлі тақырыптарға, олардың ішінде фантастикалары да бар, әңгімелер жазуды тапсыратын боламын.

Мысалы мынадай тақырыптар:

“Бұл өте қызық”, “Ең қымбат нәрсе”, “Сұлулық деген”

Сабағымда тек білім беруді ойластырып қоймай балалардың жеке бастарының қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын ойластырамын.

Оқушыларымның жазу мен ойлау қабілетін дамытуда алдымен көңіл-күйінің көтеріңкі болуына көңіл бөлемін. Балалардың жас ерекшелігіне сай түрлі ойын элементтерін пайдалана отырып, сабағымды белгілі бір мақсатпен оқушының ойлау қабілетін дамытатындай ұйымдастырамын. Бастауыш сынып оқушылары жас ерекшелігі жағынан қиялға бейім. Сондықтан бастауыш сыныптарда оқушылардың шығармашылық қиялын дамытудың орны ерекше. Өзімнің пайымдауымша “ойлауды дамытудың негізі-сөйлеу тілі” Мәтінді жаттау, мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу, оқушылардың топтық және жеке жұмыстары сияқты тәсілдері оқушыны мәтінге, оның үн – әуеніне, ондағы оқиғалары, кейіпкерлердің іс-әркетіне үңіле көз жіберуге жетелейді. Мен өз сыныбыммен ана тілі, қазақ тілі сабақтарында шығармашылық жұмысты 2-ші сыныптан бастадым. Өзіндік жұмысқа жеке дәптер арнатып, оқулықтағы суреттер бойынша әңгімелер құраттым және белгілі тақырыптар бойынша шығармалар жыздыра бастадым.

Мысалы мынадай тақырыптар:

“Мен қалай құмырсқа болдым” “Менің атым қасық” және ертегі, әңгіме жазу жұмысын берілген оқиғаны аяқтау түрінде де тапсырып жүрдім. Ондай тапсырмалар балалардың қиялын дамытып, жоғары эмоционалдық деңгейге көтеретін.

Мысалы: ***“Ертеде бір түйе болыпты. Ол кішкентай екен. Оны өзінен үлкен жануарлар мазақтай беріпті. Әсіресе шыбын көп күліпті. Бірде шыбын түйе көлеңкелеп жатқан ағаштың бұтағына отырып алып, оны мазақтай бастады...”*** Ертегіні аяқта.

Бір-біріне қосылмайтын, жалғаспайтын заттар мен объектілерді байланыстыруға берілген тапсырмалар оқушыларды қарама-қарсылықтарды шешуге дағдыландырып, шығармашылық деңгейін көтереді. Ол мына төмендегідей тапсырма түрінде беріледі:

1-тапсырма

Балалар, сиқырлы дәріні ішіп, көзге көрінбейтін болып қалған тышқанды мысық ұстауы үшін не істеуі керек деп ойлайсыңдар?

Жауаптар.

Агайдарова Эльвира -мысық сиқырлы дәріні ішіп тышқан тұрған жерге барып, тышқанды ұстаймын деп жауап береді.

Осы тапсырмаға **Сиязбек Асия** деген оқушым былай жауап жазды.

Мысық уыс дәнді алып бөлменің ортасына төгіп қояды. Оны көрген тышқан дәнді біртіндеп ініне таси бастайды. Осылайша біраз дәнді басып болған соң мысық шап беріп ұстап алады.

Елеусізов Нариманның жауабы: Мысық тышқанды иісінен ұстайды.

2-тапсырма

“Мен қалай құмырсқа болдым”

деген тақырыпта шығарма жазу

Ахметбек Арайдың жауабы:Мен бір түс көрдім. Мен түсімде құмырсқа болдым. Мен сонда тамақ таба алмай қалдым. Әпкемнің сөмкесіне жармасып, тамақ деп айқайладым. Мен тағы да айқаладым. Ол естімеді. Мен тағы да айқайладым. Әпкем мені көріп, жүгіріп келіп тамақ берді. Оянып кетсем түсім екен.

Жанбеков Алидің жауабы:Мен сиқырлы дәріні ішіп, құмырсқаға айналдым. Содан қасымдағы қыздарға барайын демес басып кететіндей қорқамын. Үйге кірейін десем мені ешкім елемейді. Мен құмырсқа болудың қандай қиын екенін түсіндім.

Темірбеков Асылжан деген оқушым былай деп жауап жазды:- Мен сиқырлы сусынды ішіп, құмырсқа болып кеттім. Құмырсқалардың ішіне барып, олармен бірге достасам.

3-тапсырма

Мамаң үйге сені тастап "қазір келемін" деп бір жаққа кетті.

Мамаң кеткен соң мұғілімің телефонмен хабарласып, мені мектепке шақырды. Үйдің кілті біреу-ақ. Сен не істейсің?

Рахыжанов Айдын-мен үйдің кілтін көрші үйге тастаймын. Мамам келіп үй жабық тұрса, көрші үйге барады. Сол үйден кілтті алып үйге кіреді.

Ернұрова Ділназ-мен есікті жауып, кілтті қоятын орын бар, сол жерге қоямын. Ол орынды үйдің адамдары біледі.

Абдулгазиев Азамат-әжеме өзімнің мектепке, мұғалімнің шақыруымен кеткенімді ескертіп, қағаз жазып, есікке қыстырамын. Үйдің кілтін иттің мойнына тағып қоямын. Себебі: біздің үйдің иті өзімілден басқа адамдарды қабады.

Оқушылардың қызығушылығын туғызатын тағы бір жұмыс түрі-өмірде көп кездесетін, бір қарағанда "жағымсыз" болып көрінетін кейбір оқиғалардың "пайдалы" жағын көруге тырысу және апйтып беру. Мысалы: "ТӨБЕЛЕС" деген сөздің жаман және жақсы жақтарын анықтауды тапсырдым:

Жақсы жақтары:

- Өзімді қорғадым;
- Әлсіз досымды қорғадым;
- Өзімнің күшті екенімді дәлелдедім
- Шындық үшін төбелестім

Жаман жақтары.

- Киімім жыртылды,
- Бетім көгерді;
- Ата-анам ұрысты,
- Жыладым
- Досыммен араздастым т.б

Бұл тапсырма бірте-бірте күрделіленіп отырады. Оған мысал ретінде "ЖАҚСЫ-ЖАМАН" ойынының өтілуі. Балаға жақсы таныс зат не объект таңдап алынады. Сол затты сипаттау, оның жақсы және жаман қасиеттерін айтып шығу. Жауаптар бірін-бірі қайталамауы керек. Мысалы: "ҚАРЫНДАШ"

Жауаптары:

- Оның қызыл болғаны жақсы, ал жіңішке болғаны жаман;
- Қолда ұстауға ыңғайлы, ал қалтада салып жүруге болмайды;
- Ұзын болғаны жақсы, тез ұштайсың, ал бірақ абайсызда сынып қалатыны жаман;
- Қызыл болғаны жақсы, гүлді бояйсың, ал шөпті бояуға болмайтыны жаман...т.б.с.с

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға шығарма жазудың да пайдасы бар. Шығарма жазғанда оған мынадай шарттар қойылады:

- Жазу алдында арнайы дайындықтың жүргізілмеуі;
- Жоғары теориялық деңгейде мазмұнның бай болуы;
- Сыныпта жақсы тілектестік атмосфераның болуы;

Шығармаға дайындық күн ілгері жүргізіліп отырады. Бірнеше күн бұрын тақырып төңірегінде оқушылардың пікірлері, не білетіндіктері анықталып, білімдерін молайту мақсатында қосымша тапсырмалар беріліп, олар сабақтарды талданады.

Сондай-ақ, мұндай шығармалар баланың тілін, ақыл-ойын дамытып, көркемдікке, адами жақсы қасиеттерге тәрбиелек керек деп танылады. Енді тәжірибе жүргізіп жүрген өзімнің екінші сыныбымдағы бір оқушының шығармасынан мысал келтіре кетейін:

Сиязбек Алия Менің арманым

Менің арманым көп. Олардың ең біріншісі-мектепті үздік бітіру. Мектепті үздік бітірсем түрік еліне барып оқып, Денизді көрер едім.

Мен бірде Тоқтар, Талғат ағаларым сияқты айға ұшатын ғарышкер болғым келеді. Аспан әлемін, ондағы жұлдыздарда не бар екенін білгім келеді. Енді бірде өз ұстазыма ұқсайтын мұғалім болғым келеді. Ал бірде, ғалым болсам ба деймін, себебі олар халқына көп пайда келтіреді. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дейді халқымыз. **Бақытжанұлы Ш.**

Бастауыш сынып оқушыларының ой-санасын, қабілетін, шығармашылығын дамытуда шығарманы оқулықта берілген көркем әдебиет үлгілерін ***талдаудың*** әсері мол. Талдау – бірлескен ізденіс. Талданбаған шығарма бала жүрегіне жетіп, оны тебірентпейді. Демек, әсері де болмайды деген сөз.

Әдебиеттік оқу сабақтарында басталған шығармашылық жұмыстар сыныптан тыс уақыттарда жалғасын тауып жатса ғана нәтижелі болмақ. Сынып мұғалімі оқушылар шығармашылығынан туған өлеңдерді, әңгімелерді, ертегілерді, суреттердіжинақтап, оларды басқа сынып оқушылары мен ата-аналары алдында насихаттап тұрса, балалар бұл іске үлкен қызығушылық білдірері сөзсіз. Осындай жұмыстар оқушылардың ақыл-ойын, шығармашылығын, дамыту мәселесін шешеді және білімнің сапасын көтерер еді деп ойлаймын.

Қорыта келгенде , бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық шығармашылық қабілетін дамыта отырып сабаққа деген қызығушылығын оятып белсенділігін қалыптастырадыы. Өз ойын ашық қысылмай жеткізе біледі, ынтасын дамыта түседі.

Аубакиров М. М.,
№14 жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңгі болашағы. Сол ұрпақты саналы да білімді етіп тәрбиелеу – төл міндетіміз. Соның бірі – патриоттық тәрбие мәселесі. Бұл адамзат тарихында ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат [1]. Қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық менталитеттін, тарихын білмейтін жастарымыз көп. Бүгінгі күнде патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімнің өзгеруі. Қазіргі жастардың патриоттық рухы жоқтығы.

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу – Насыр Әл – Фараби , Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы – жыраулар Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді.

Жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, олардың бойына сіңіріп қалыптастыру халық тәрбиесінде жетекші орын алады. Патриоттық тәрбие беру арқылы оқушының саналы сезімін көзқарасын қалыптастырады. Оқу орнында патриоттық тәрбиенің тереңдеуі Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, Республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Мектеп оқушыларын Отанды қорғауға даярлау, жас жеткіншектердің патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Оқушының дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда мектеп шешуші рөл атқарады. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Сол арқылы әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі тиіс. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеудің негізі мектепте басталады.

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп –ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отан деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда. Сондай – ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр. Патриотизмге тәрбиелеудің үлкен ортасы – мектеп екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар патриотизмге тәрбиелеудің бір бағыты болып отыр [2].

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін - «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру Қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады.

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Демек, қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата – бабаларымыздың қаһармандық батырлық, отансүйгіштік тәлім – тәрбие беру идеалдарының жиынтығы деп айтуымызға болады. Осы анықтама негізінде, біз «Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды Отаным деп сезініп, басқа этностардың қазақ халқына құрметпен қарауын, әр этностың құқықтық еркіндігін қуаттай отырып, туған жерін және оны қорғауға дайын болу» - деп дәйектейміз [3].

Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді.

Ғылыми әдебиеттерде «патриотизм» ұғымы Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтанышы, Отан мүделерін қорғауға ұмтылу, өз Отанына, өз халқына берілгендік, туған еліне, оның тіліне, салт – дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікпен сипатталады. Шынайы патриот адам өз елін дамып жақсартуға ат салысатын, өз ұлтына оның мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық танытатын, ең алдымен, өз отасын, туған – туыстарын қадірлейтін, ауыл-аймақ, ел-жұртын, руластарын, өз халқын қадірлейтін адам [4].

Ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу - қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары болған. Ата - бабаларымыз кең далада өмір сүрген де, сондықтан оларға «Атамекен, туған жер» ұғымы - әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Патриоттық рухата өсуін қамтамасыз ету жан – жақты қарастырылған. Онда жастардың саяси белсенділігін арттырып, қоғам өміріне араласуына жағдай жасайтын түрлі шаралар көзделген.

Еліміздің Президентті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның Отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбилеу – мұғалімнің аса маңызды,аса жауапты да қадірменді парызы» - деген еді.

Елбасымыздың жолдауында «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» [5]. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу – тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс – шараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт – дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Сонымен қорыта айтарымыз, Қазақстандық патриотизм - бүкіл Қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт - дәстүр, ортақ қазақтың тілі. Басқа ұлт өкілдері қазақтың тілін білуі тиіс. Отан – от басынан басталады десек, туған облысымыздың, қаламыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор. Азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге керек, болашаққа да керек. Жалпы патриоттық сезімінің ояуы мен қалыптасу процесін белгілі бір асқақ сөзімдерден, мақтаныш - сүйіністен бөле - жара қарауға болмайды. Ол өз елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу керек деген сөз. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Білім мен білікті талап етеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі. Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Әдебиет

1. Астемес Г. Болашақ мұғалімдердің патриотизмі ауадай қажет. Қазақстан мектебі. - Алматы, 2011. - №3. – Б.24-26.

2. Жұмағұлов Б.Т. Патриотизм және азаматтық ұстаным // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2011. - № 260 – 263 (2661), 21 маусым. – Б.2-4.

3. Дүйсенбаев А.Қ. Тәрбиенің қайнар көзі // Қазақстан мұғалімі. - 2013. - № 15-16 (3405), 30 тамыз. – Б.2-5.

4. Мұхаметханұлы.Н. Ізденіс: тарих және заман: мақалалар. – Алматы: «Мерей», 2014. – Б.248- 250.

5. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана: Елорда, 2008.

Жумабаева Б.Н.,
№7 жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Сәтбаев қ., Қазақстан Республикасы

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

В статье рассматривается актуальность использования информационно-коммуникационных технологии в преподавании.

In the article discusses the relevance of the using information-communication technologies in education.

Жаңа XXI ғасыр табалдырығын аттаған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім беру саласында тың көзқарас, жаңа ізденіс қажет. Нағыз ізденіс - ол шығармашылық жұмыс, шәкірттер болашағын ойлай жасаған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Ал ұстаз алдында ой-өрісі жаңашыл, шығармашыл, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан құзіретті тұлға тәрбиелеу міндеті тұр. Ендеше бүгінгі таңда білім беру саласында оқытудың озық, жаңа технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

XIX ғасырдың 70-80 жылдары педагогикалық ғылымда «инновация», «технология» деген терминдер жиі қолданыла бастады. Педагогикалық тұрғыда инновациялық құбылысты зерттеуші ғалымдар оған әр түрлі түсінік берді. Мұндағы «инновация» дегеніміздің өзі не деген мағынаны береді?

«Инновация» латынның «lnnovation» деген сөзінен шыққан, ол «жаңарту, өзгерту, белгілі бір жаңалықты ендіру, яғни жаңалық және ол жаңалықты тәжірбиеге ендіру үдерісі» деген ұғымды білдіреді.

Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай әр педагог өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды жүйеден гөрі жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз тәжірибесінде күнделікті пайдаланса, жұмысы тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бізге жүктейтін тиімді міндеттері:

- Оқушының оқуға деген қызығушылығын оятады;
- Танымдық,белсенділік қабілетін қалыптастырады;
- Этнопедагогикалық тәрбие береді;
- Шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Оқытушының уақытын үнемдейді,
- Оқулықтан тыс қосымша мәліметтер береді;
- Өзін-өзі басқарады;
- Бірін-бірі бағалайды және кері байланыс жасайды.

Мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті – өз қызметіне жаңа технологияларды енгізу. Жаңа инновациялық технологияны жүзеге асыруда мұғалімнің белсенділігі, шығармашылық ізденісі артып, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, оқушыларды жеке тұлға ретінде бағалауы орын алады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін

ақпараттандыру,оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға ретінде күнделікті іздену арқылы барлық болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерге, жаңа жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттілікке ие болуы тиіс. Ақпараттық компьютерлік технологияны пайдалануда шәкірттер білімдерін ұштап, молайтып сабаққа белсене қатысады. Өйткені компьютер арқылы оқу материалын беруге, оны әзірлеуге, бақылауға, қорытындылауға, өз бетінше жұмыс істеп, ізденуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар оқушылардың кез-келген тапсырманы аяғына дейін орындап, өзінің ой-өрісін пайдаланып, білімін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Ақпараттық технологияны жеке тұлғаны дамыту мақсатында қолдану жолдары: электронды поштаны қолдана білу, материалды компьютер арқылы презентациялау, мәтінді графиктік сызбаларға түсіру, мәліметтер қорымен, әдебиеттермен жұмыс, электрондық оқулықтармен, қосымша материалмен жұмыс, интернеттен ақпарат алу. Осылайша ұйымдастырылған сабақ оқушылардың шығармашылығын дамытып, өз бетімен ізденуге, алған білімін ұштауға, сенімін арттыруға, жеке тұлғасын, қабілетін, ынтасын, рухани әлемін дамытуға басты құрал болып табылады. Осындай жан-жақты ойластырып, мазмұнды түрде жоспарланған сабақ төмендегідей мақсаттарға қол жеткізеді: танымдық ой-өрісін кеңейтіп, жоспарлы жұмыс жасауға, нәтижені болжай білуге, танымдық қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін арттыруға, өздігінен жұмыс жасауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, уақытты үнемдеп, ыңғайлы уақытта оқуға, территориялық шектеулер жоқ, денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ, интерактивті әрекеттесу формалары, сапалы білім алып, уақытты үнемдейді. Дәстүрлі оқыту меңгерудің 4 деңгейінің (репродуктивтік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық) тек алғашқы екеуін ғана қамтиды, нәтижесінде материалдар жеткілікті дәрежеде меңгерілмейді, білімнің жүйелілігі, беріктілігі қалыптаспайды. Компьютердің көмегімен тақырыпты оқу, зерттеу негізінде меңгеруді эвристикалық және шығармашылық деңгейге жатқызуға болады. Оқушылар электронды оқулықтан оқығанын, көргенін елестете отырып тақырыпқа берілген тест сұрақтарын шешеді. Ал электронды оқулықта тест сұрақтары күрделенген тест және жеңілдетілген тест түрінде болады.

Дәстүрлі оқытуда ұстаз дайын, толық ақпаратты берген болса, оқушы тек соны тыңдап, ақпаратты мұғалім арқылы ғана қабылдайды. Сабақта көбіне репродуктивті әдістер, лекция, баяндау, әңгімелеу, мазмұндау және т.б. қолданылды. Егер дәстүрлі оқытуда оқу-тәрбие үрдісінде басты рольді мұғалім атқарса, технологияның көптеген түрлері қамтылған қазіргі жағдайда, яғни конструктивтік білім беруде белсенді қызметті оқушы атқарады, яғни өзі ізденеді, өзі оқып, өзі үйренеді. Ал мұғалім сабақты ұйымдастырушы, бағыт-бағдар беруші. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті – оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Осының нәтижесінде тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім,сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, құзыреттілігін көрсететін, бәсекеге қабілетті оқушылар дайындалады. Олардың жұмысы көптеген тұлғалық қасиеттеріне қарай бағаланады (интеллектуалды дамуы, тіл мәдениеті, дербестігі, инициативасы, жауапкершілігі). Шәкірттерді қажетті білім дағдыларымен қамтамасыз ету үшін мұғалім әр сабақта жүйелі жұмыс жүргізуі қажет.

Технология –жүйе деген мағынаны білдіреді. Ол үшін ұстаздың әдіскерлік шеберлігі, теориялық білімі, ұйымдастырушылық қасиетінің жоғары деңгейде болуымен қатар, құнды жасалған көрнекілік, электрондық оқулық, аудио, бейнетаспалардың болуы да қажет. Осыған байланысты бір ғана электрондық оқулықтардың тиімділігін айта кетсек: әртүрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындауды қамтамасыз ету, уақытты үнемдеу, көрнекілік және түсініктілік принципін пайдалану мүмкіндігі, бейнелелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы, дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі, оқушының өз бетімен жұмыс істей алуы, өз деңгейін бақылау және бағалау; сондай-ақ,

электронды оқулықтағы оқыту, модельдеу, тестілеу, интерактивті тапсырмалар, бейнефильм, анимациялар т.б. бағдарламалар жиынтығы жай оқулықтарға қарағанда өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Олар жинақы, ыңғайлы түрде алынады, өйткені электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық тенологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Толассыз ақпараттар ағымын бүкіләлемдік интернет жүйесі, спутниктік каналдар, теледидар, ұялы байланыс арқылы көріп, естіп қабылдауға машықтанған XXI ғасырдың өкіліне нағыз керегі – сандық бейне, анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту, т.б. компьютерлік технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиялық бағдарламалар оқушылардың өз бетінше ізденіп, дамуына зор әсерін тигізеді.

Қорытындылай келгенде жаңа, ақпараттық технологиялардың кез-келген түрінің бүгінгі күні қарқындап өсуі, оның тиімділігі сапалы білім берудің бірден-бір қайнар көзі. Ендеше жас ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімнің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі сапалы білімнің жемісі болмақ.

Әдебиет

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы, 2013.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
4. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. –Алматы, 2005.

Абильдина Н.Ж.
Балхашский многопрофильный колледж
г. Балхаш, Республика Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ СРЕДСТВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА, КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИЙ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ.

Аннотация. Берілген мақалада колледж студенттерінің пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқытудың мультимедиялық түрлерін қолдану тәжірибесі қарастырылған. Мультимедиялық құрылғыларын қолданудың нәтижесін, кесте барысынан көруге болады.

Түйін сөздер: танымдық қызығушылық, мультимедиялық құралдар, компьютер, интернет, интерактивті тақта, көрнекі материалдарды көрсету, оқытудың тиімді тәсілі.
Key words: cognitive interest, multimedia, computer, internet, interactive board, demonstration of visual materials, an effective way of teaching.

Учение, лишенное всякого интереса и взятое только силой принуждения, убивает в ученике охоту к овладению знаниями. Приохотить ребенка к учению гораздо более достойная задача, чем приневолить.
К.Д. Ушинский

Познавательный интерес – важный фактор учения. В то же время он жизненно необходимый фактор становления личности. Жизнь, лишенная познавательного интереса тускнеет; личность лишена того значимого внутреннего стимула, который постоянно подталкивает ее движение, позволяет пережить радость интеллектуального удовлетворения в любой деятельности, какой бы человек не занимался.

